ҚР ОАМ «БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ» * «ИНСТИТУТ РАННЕГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ» МП РК *

# Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



www.irrd.kz

№4 (32), 2022

№4 (32), 2022

**Республикалық ғылыми-ақпараттық, әдістемелік журнал құрылтайшысы:**
*Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі*
*«Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы*

**Бас редактор** ***Адамова Манара Елекенқызы***

ҚР оқу-ағарту Министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

**Атқарушы редактор** ***Ерманова Мария Наятовна***
Балаларды ерте дамыту институты директорының орынбасары

**Редакция алқасы** ***Рысбаева Назкен Рыстыбаевна,***
***Сағалиева Жанар Каукербековна***

«Ғылыми педагогикалық зерттеулер және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының мониторингі» орталығының мамандары

***Мукушева Гулнара Омарбековна,***
***Хаменова Мария Олжабаевна,***
***Сарсембина Бақыткул Куандыковна***

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын қамтамасыз ету орталығының мамандары

**Техникалық редакторлар** ***Тюлебаева Гульмира Кайратовна,***
***Полатов Берик Байдуллаевич,***
***Кенжеахметов Олжас Сеитович***

«Ақпараттық талдау» орталығының мамандары

# ДАНА БАЛА

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ**

**Қазақстан Республикасы**
**Инвестициялар және даму министрлігі**
**Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз**
**Басылымын және ақпраттық агенттікті есепке қою туралы №14553-Ж**
**куәлігімен есепке қойылды (15.09.2014ж)**

# МАЗМҰНЫ
# Содержание










**ПЕДАГОГТЕР, СІЗДЕР ҮШІН**
**ДЛЯ ВАС, ПЕДАГОГИ**
*Сабырлы Сайраның сара жолы* ........................ 7
*Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңашылдықтары* ........................ 17

**МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРЕДІ**
**СПЕЦИАЛИСТЫ СОВЕТУЮТ**
*Қазақстан халқының тілдері күні қарсаңында балалар және олардың ата-аналарының қатысуымен «Менің отбасым» атты ана тіліндегі шығармашылық байқауы* ................................ 24
*«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» республикалық байқауының қорытындысы* ................................................. 26
*Мәңгілік елдің мәртебелі маманы* ............... 35

**АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК**
**СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ**
*Психологическая и интеллектуальная готовность будущих первоклассников* ....... 38
*Родительское собрание «Инклюзивное образование в детском саду»* ..................... 42
*Балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру* ................................................ 46

**БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ**
**НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ**
*Ребенок с расстройствами аутистического спектра: особенности сопровождения в детском саду* .................... 49
*Мектеп жасына дейінгі баланың музыкалық қабілеттерін арттыру* ............. 54
*Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу және логикалық ойлауын дамытуда дидактикалық ойындардың маңыздылығы* ............................. 58
*Роль игры в обучении детей дошкольного возраста* .................................... 62
*Заттық дамытушы ойындар арқылы баланы дамыту* ................................ 65
*Балабақшада театр қызметінде ойын технологиясын қолданудың тиімділігі* ........................................ 69

## ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ
## ИННОВАЦИЯ И ОПЫТ

*Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау жұмыстарын ұйымдастыру .......... 73*
*Дарынды балалармен жұмыс жасауда жаңа формалар және вариативті модельдер ............................... 77*
*Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастыру .......................... 80*
*Арнайы түзету жұмыстарында инновациялық технологияларды қолдану ........................................................... 83*
*Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын мнемотехника әдісі арқылы дамыту .................................. 87*
*Бақылау – мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы негізгі көрнекі әдіс ...................................................... 92*
*«Мобильная библиотека» - одна из инновационных форм работы с детьми .......................................................... 96*
*Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық қызмет ............................ 100*
*Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесінде инновациялық жобалау технологиясын қолдану, ою-өрнектер арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың танымын дамыту ..................................... 103*
*Бөлме, дала гүлдерін салыстыру арқылы орта топтарда дәстүрден тыс әдістерді қолдану ..................................... 106*

## МЕРЕКЕДЕН МЕРЕКЕГЕ
## ПРАЗДНИКИ КРУГЛЫЙ ГОД

*«Ән шырқайық бәріміз» атты патриоттық әндерді хормен айту челленджінің қорытындысы ............................................ 108*

ДАНА БАЛА

### Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

### Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской общественности в виде информационного материала



## *Жиенбаева*
## *Сайра Нағашыбайқызы!*

*Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған сізді, көпшілік мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін дамытушы майталман, ғұмырын Қазақстан Республикасының ғылым саласын дамытуға сүбелі үлес қосушылардың бірі, саналы өмірін маман тәрбиелеу ісіне арнаған педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ғалым, зиялы азаматша ретінде таниды.*

*Ғылыми-педагогикалық жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз ғылыми қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде шәкірттерінің игілігіне бөленіп, педагогикалық қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас.*

*Бұл мерейтой сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Қазақстан ғылымына деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ғылыми ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз.*

*Қоғам игілігіне бағыттап отырған рухани еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қажыратыңыз қашанда арта бергей!*

*Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін! Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай.*

***Ізгі ниетпен,***
***Балаларды ерте дамыту институтының директоры М. Адамова***

# САБЫРЛЫ САЙРАНЫҢ САРА ЖОЛЫ

Халық даналығында: «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген сабырлылық адамды жамандықтан сақтап, жақсылыққа бастайтын ізгі қасиет ретінде айқындалады.

Сабыр – адам мінез-құлқына тән байыпты-лық пен ұстамдылықты білдіретін асыл қасиет. Сабыр – адамзатты кемелдік шыңына жетелейтін ең асыл қасиеттердің бірі. Асылында бұл қасиет адам баласына әуелден Жаратушы тарапынан берілген жетістікке қол жеткізудің сырлы кілті. Сабырлылық тек терең ойлауға, байсалдылыққа бастайтын қасиет. Неге сөзімізді сабырлылықтан бастадық себебі біздің бүгінгі кейіпкеріміздің бойындағы басқа да жақсы қасиеттерден ерекшелеп тұратын асыл қасиеті. Ғалым ретіндегі парасат, пайымы, асыл да ізгі адами құндылықтарды бойына сіңірген, ұлағатты ұстаз, салмақты да сабырлы, байсалды да кішіпейіл, қайырымдылығымен, мәдениеті-мен, білімділігімен, адалдығымен және әділеттілігімен айшықталған ғибратты ғалым. Білім беру жүйесі мен ғылым саласын дамытуға өзіндік үлес қосушылардың бірі, шет елдерге және республикаға танымал тұлға, педагогика ғылымдарының док-торы, профессор Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы жақында өнегелі өмірінің асқаралы алпысының белесіне көтерілгелі отыр.

Әр адам өзінің өмір жолында белеске көтерілгенде белгілі бір қорытындылар жасай бастайды. Қандай істер атқарылды? Қандай жетістіктерге жетті? Болашақтағы мақсаттары мен міндеттері қандай болмақ? Мерейтой қарсаңында артта қалған сағым жылдарды саралап, алдағы көңіл көкжиегіне көз тастап өтейік.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «ЖОО Үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі) танымал ғалым Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы-ның сара жолына тоқталайын.

***Дүние есігін ашудағы сара жолы*** ол 1962 жылы 27 қарашада Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шетырғыз совхосында дүниеге келген. Әкесі Исабаев Нағашыбай Қазбекұлы совхоздың бас инженері, темірден түйін түйген шебер маман болса, анасы Балима Әлібекқызы мектеп-интернатта тәрбиеші болған. Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер деген. Ата-анасының ақылын санасына тоқи білген 1979 жылы 9-сыныптан кейін Алматы педагогикалық училищесіне «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығына түсіп, 1983 жылы үздік дипломмен бітірген алғашқы

қарлығаштарының бірі. Арман қуып 1983 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Педагогика және психология (мектепке дейінгі тәрбие)» мамандығына қабылданып, 1987 жылы үздік дипломмен тамамдайды.

«Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» – дейді ғұлама ойшыл Ж.Баласағұни. Бақ қонып, қыдыр дарыған әулеттің ортасынан шыққан Сайра өмірлік жары Жұбаныш Алмұратұлымен бас қосып, бір ұл, бір қыз сүйіп бақытты отбасы атанды. Жұбаныш атына заты сай азамат болды. Аяулы жарын ерекше құрметтейтін, сыйлайтын, елпілдеген елгезек, бала мінезді, адал да аңғал, айналасының бәріне нұрын шашып жүретін, қолынан келгенше жора-жолдас, туған-туысқа, барша танысына жақсылық жасауға дайын тұратын. Аман болса бүгінде екеуі қол ұстасып мерейтойды бірге атқарар еді, тағдырдың жазуы солай болды. Арда азаматтың артын сақтап, сондай қиын қыстау сәттерде сабырлылық танытып, ұрпағына дұрыс тәрбие беріп, қажыр-қайратын ұштап, әрбір істің ақырынлағы ниет ақтығына табан тіреп, әділеттілікпен сенімін жоғалтпай күтіп, байсалды әрекет жасаудан көріне білу де нәзік жүректі әйел затына тән қасиет екенін дәлелдей алды. Сабыр сөзінің мағынасы – әлдебір жағдайларға тап болғанда «тепе-теңдікті бұзбау, орта жолды ұстану, сынақтарға төтеп беру, қиыншылықтарға шыдау, уайым-қайғы мен тауқыметтерге душар болғанда оларды жеңіп шығу» деген мағынаға саятын болса бұл ұстаным да оның бойынан табылды.

Сабырлылық өз ісінің ақтығына сенімді, ниет-тілеуі түзу, тағдырдың бір жаратушыдан екендігіне сенетін, әрбір қиындыққа сынақ ретінде қарап, мойымайтын адамға тән. Біздің кейіпкеріміз сабырлылықты адами кемелдіктің белгісі ретінде қарап, ақылды - азық, қайратты - қару, иманды - серік еткен бойынан байыптылық, ар-ұят, ынсап ретінде табылатын асыл қасиетті бойына дарытқан ерекше тұлғаның бірі де бірегейі.

***Студенттік кезеңнен бастау алған сара жолы*** ұлағатты ұстаз А.К. Меңжанованың жетекшілігімен еңбек тақырыбы қызықтырып, мектеп жасына дейінгі балалар төрт-түлік туралы шығармалар арқылы адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу мәселесін зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде қала балаларына арнап «Төрт-түлік малдың пайдасы» тақырыбында диафильм шығарды және балабақша алаңын-да эксперименттен өткізіп, 3-курсында зерттеу нәтижесі бойынша Таллин қаласында студенттер конференциясына қатысып, баяндама жасайды. Ғылымға деген құлшыныс, ізденіс пен шығармашылық жас кезінен байқалған еді. Оны төмендегі еңбектерінен көруге болады.

1996 жылы профессор А.К.Меңжановамен бірлестікте «Мектеп жасына дейінгі балалар төрт-түлік туралы шығармалар арқылы адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу» атты әдістемелік құрал шығарды. Құралда ересек топтағы балалардың жас ерекшелігіне сай халық ауыз әдебиеті іріктеліп, оны балаларға қалай үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылған. Өз кезегінде ұсынылған сабақтың әдістемесінің бүгінге дейінгі практикалық құндылығы жоғары.

***Кәсіби дамуға бағыт алған сара жолында*** институт бітіргенен кейін Алматы қаласындағы №320 балабақшадан бастап, теориялық білімін практикалық тұрғыдан толықтырады. 1990 жылы Алматы темір жолының №46 мектебінде бір

жылдық педагогикалық сыныпта мұғалім болып, республика бойынша балабақшаларға тәрбиешілер дайындап, «Мектепке дейінгі педагогика», «Балалар психологиясы» пәндерінен дәріс береді.

Абу-ль-Фарадж ал-Исфахани «...түсінгендіктің шын белгісі-«иә» деген жауап емес, шәкірттің жүзіндегі қуаныш болып табылады» әр шәкірттің жүрегінен жол табуда Қыздар мемлекеттік университетінде ұзақ жылдар еңбек етіп, бүгінгі бәсекелестікте әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеуге зор үлесін қосып келеді. Осы тұрғыдан алғанда болашақ ұрпақтың еңбектің қай саласында болмасын тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, еңбек іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын тәжірибелі еңбек адамын даярлауда мектепке дейінгі кезеңнен бастау қажеттілігін теориялық және әдістемелік тұрғыда дәлелдеген ғалым. Әр білім алушыға өз білгенін үйретіп, олармен қарым-қатынас жасауда сабыр сақтаудың үлгісін көрсетіп, шыдамдылық, төзімділік танытып қайрымы бар білім берудің шебері болуда.

Ол еңбек жолында мамандарға жан-жақты жетілген білімді, салмақты да байсалды қарапайым да кішіпейіл, аса ізетті адам қасиетін басты талап ретінде қойды. «Ақылды адамға екі дүниеде жол ашық». Ақылды кісі азбайды», «Ақылды адам ақымақтан да бірдеңе үйренеді», «Ақылды айттырмай біледі» деп ерекше мән берген. Ақыл-адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет.

Абай дана «Үш-ақ нәрсе-адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» десе «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым бола алатын адал-еңбек, мінсіз-ақыл, таза–жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» - деген Ш.Құдайбердіұлы. Кейіпкеріміз ақылды басқаратын қасиеттер: мінез, жүрек, мейірімділік, таза ойды басшылыққа алып, осы ойшылдардың тұжырымдарын өзіне бағдаршам ретінде ұстанған.

***Ғылыми кемелденудегі сара жолында*** зерттеушілік қызметке деген қызығушылығының басымдығын байқаған профессор А.К.Меңжанова 1992 жылы Қыздар институтының «Мектепке дейінгі педагогика» кафедрасына педагогикалық қызметке шақырады. Еңбекті өміріне арқау еткен жас маман сонау студент кезінде зерттеген тақырыбын қайтадан қолға алады.

2002 жылы 13.00.07 – Мектепке дейінгі білім беру теориясы және әдістемесі мамандығы бойынша «Мектепалды балаларын еңбекке баулудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты тақырыпта кандидаттықдиссертациясын қорғады. Зерттеу нәтижесінде мектепалды балаларын еңбекке баулудың теориялық негізі анықталып, мотивациялық, когнитивтік және іс-әрекеттік компоненттер бірлігіндегі моделі, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері ұсынылып, мектепалды балаларын еңбекке баулудың әдістемесі дайындалған. Сонымен қатар «Балбөбек» бағдарламасына қосымша «Еңбекке баулу» бағдарламасы практикада тиімділігі дәлелденген. Бағдарлама ерекшелігі мектепалды балаларының гендрлік ерекшелігі ескеріліп, ер балалар мен қыз балалардың еңбек түрлерін бөліп көрсеткен. Мәселен, қыз балалар тіксе төксе, ер балалар ағашпен жұмыстың әдістемесі берілген. Осы зерттеу нәтижесінде

«Мектепалды балаларын еңбекке баулу» әдістемелік құралы (2007), «Қол еңбегі» әдістемелік кешені (АрманПВ 2010ж.) дайындалды. Бұл кешеннің ерекшелігін ұлттық нақыштың сақталуы болып, балаға лайықты қол еңбегі шығармашылыққа бағытталған.

12 жылдық білім беру алты жастан басталатын болғандықтан С.Жиенбаева 1-2 сыныбына арналған «Технология» оқу-әдістемелік кешенінің авторларының бірі. Бұл әдістемелік кешеннің ерекшелігі алты жастағы балалардың психологиялық ерекшелігі, білім мазмұны құзыреттіліктерге бағытталуында. Табиғаттағы еңбек, қағазбен жұмыс, көркем еңбек және техникалық еңбек басқа білім беру саласымен кешенді, интеграциясы қарастырылып, ой еңбегін дамытуға бағытталады. Әсіресе балалардың техникалық ойлауын дамытатындай құрастыруға мән берілген.

2004 жылы «Өзін-өзі тану» пәні авторларының бірі. Мектепке дейінгі балалардың рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі білім мазмұны баланың өзі туралы ойлауына, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде, достарына құрметке, Отанға деген құрмет және адамгершілік құндылықтардың бастапқы әліппесін меңгерту жолға қойылған.

Ғылым жолында: 2004-2007 жылдар аралығында «Педагогика» мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік қыздар институтында докторантурада оқиды. 2010 жылы «Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты тақырыптағы докторлық диссертация жұмысын профессор Қазына Аймағамбетованың жетекшілігімен қорғады. Мектепке дейінгі балаларды еңбекке баулуды бастауыш мектептегі еңбекке баулумен сабақтастығының өзекті мәселесін шешудің жолын қарастырады. Диссертациядағы зерттеліп отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық негізінің анықталуы, тұжырымдамасы, үлгісінің және оны жүзеге асыруда практикалық мәні ерекше оқу-әдістемелік кешендердің дайындалуы көтеріліп отырған мәселенің көкейкестілігін нақтылай түседі.

Докторлық диссертация осы мәселенің жалғасы ретінде ұсынылып, «еңбек іс-әрекеті», «субъекті», «тәжірибе» ұғымдарына философиялық, әлеуметтану, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалынып, белгілі ғалымдардың пікірлерімен дәлелденіп, ғылыми жаңалығын өзіндік көзқарасымен тұжырымдады. Мектепалды және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырудың теориясын, ғылыми тұжырымдамасы мен әдістемесін ұсынынған. Зерттеу нәтижесінде «Мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырудың теориялық негіздері» (2008), «Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың теориясы және әдістемесі» монографиялары (2009), «Бастауыш сынып оқушыларын еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыру» тұжырымдамасы (2008) жарық көрген.

Тек мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулу мәселесімен емес, қазіргі өзекті мәселелері сенсорлық тәрбие беру және сәби шақтағы балалардың дамуы мен тәрбиелеу ерекшелігі туралы да зерттеп, оның нәтижелерін мектепке дейінгі ұйым тәжірибесіне енгізуде. Атап айтсақ, «Сенсорлық тәрбие теориясы мен әдістемесі»

(2010), «Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық технологиялар» (2010), «Сәби шақтағы балалардың дамуы және тәрбиелеу», «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі» жоғары оқу орны студенттеріне және мектепке дейінгі тәрбиешілерге көмекші құрал бола алады. Ғалымдар Ш.Т.Таубаева, Г.А.Мұратбаевамен бірлескен авторлықпен магистранттарға арналған «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері» (2017) болып келеді. Қазақ, орыс және ағылшын тілінде «Мектепке дейінгі педагогика» (2018) оқулығының авторларының бірі және үш тілде электрондық оқулық нұсқасы жарыққа шығарған.

***Педагогика ғылымы саласындағы сара жолы*** бүгінгі таңдағы жоғары білім берудің басты міндеттердің бірі іргелі білімді меңгерген, бастамашыл, нарық және қоғамның өзгермелі талаптарына бейімделе алатын бәсекеге қабілетті жаңа тұрпатты маман дайындауды көздейді. Осы тұрғыдан 050101-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының стандарты мен бірнеше типтік бағдарламаларын құрастыру жетекшісі, 2 оқу-әдістемелік құралы, 2 монографиясы шықты. 5В010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының бакалавры және магистратура, докторантура стандарты және типтік бағдарламаларының (2006, 2007, 2011) авторы. Осы педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын дайындауда еңбегі зор.

С. Жиенбаева мектепалды топтарына арналған «Қол еңбегі» оқу-әдістемелік кешені авторларының бірі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіндегі оқулық және оқу-әдістемелік кешен бойынша республикалық кеңестің мүшесі. 2017 жылы Алматыкітап баспасынан шыққан «Әліппе» мектепалды дайындық тобы мен сыныптарына арналған, 1918 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 6-7 жастағы балаларға арналған Сауат ашу негіздері. № 1-2 әліппе-дәптерлерінің авторы.

Мәскеу, Санк-Петербург, Сингапур, Харватия, Германия, Венгрия, Миниск, Бішкек, Ташкент, Магнитогорск, Шадринск және т.б. қалаларында болған халықаралық және республикалық конференцияларға қатысып, бүгінге дейін 300 жуық ғылыми еңбектері жинақталған. Соның ішінде 30 мақала ККСОН, 6 мақала РИНЦ, 6 мақала Scopus, Web of science шетелдік баспаларда жарияланған.

***Отандық ғылыми кадрларды дайындаудағы сара жолы*** 2004 жылдан Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанындағы ҚР ҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ОӘБ-ЖБТ «012Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» педагогика бағыты бойынша секцияның төрағасы, осы мамандық бойынша түрлі мәселелердің тиімді шешілуіне үлес қосып келеді.

С.Н. Жиенбаеваның ғылыми жетекшілігімен А. Рысқұлбекова «Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 30-ға жуық педагогика ғылымдары магистрлары ғалымның жетекшілігімен мектепке дейінгі білім берудің мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын қорғап, оның теориялық және практикалық жаңалықтарын тәжірибеге енгізуде. Бүгінгі күні 4 Phd дайындау үстінде.

***Ғылыми ортадағы әріптестік және басқарушылық бағыттағы***

***сара жолында*** 2010-2012 жылдары Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасының меңгерушісі, 2012-2021 жылдарда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Педагогика және психология факультетінің деканы қызметін атқарды. Басқарушылық қызметте өзінің әріптестерімен өзара түсіністікте, алдыңғы толқын аға буын өкілдерінің Қ.А.Аймағамбетова, Ш.Т.Таубаеваның ғылыми мектебін жалғастырып, ғылымның шыңына шығып, шыңырауында шыңдалған ұлағатты ғалым ұстаздарын құрметпен сыйлап, ерекше мейіріммен, ілтипатпен, тумысанан мінезінде бар сабыр сақтаудың үлгісін көрсетіп, басқарудың заманауи мүмкіндіктерін еркін пайдаланып, әр әріптестерінің жүрегінен жол таба білді.

2015 жылдан бастап, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауыш мектептің педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша Phd докторлық кеңестің мүшесі (2014-2020). Бірнеше зерттеу жұмысына рецензент ретінде тағайындалған.

Ұйымдарға мүшелігі және қоғамдық қызметі: OYNA Балалық шақ институты Қоғамдық бірлестігінің үйлестірушісі (Қазақстан); Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мүшесі; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институтында» сарапшы, модель, стандарт және үлгілік бағдарламаны дайындау бойынша жұмысшы тобының мүшесі. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында Ғалымдар кеңесінің мүшесі, бастауыш мектептің «Еңбекке баулу» бағдарламасының жетекшісі.

С.Н. Жиенбаева мемлекеттік қаржыландыру есебімен «Балалардың құқығын қамтамасыз ету: мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын, мәселелі аймақтарын айқындау (2009-2011) атты республикалық ғылыми жобада орындаушы, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау және өлшемдерін дайындау (2021-2023) атты ғылыми жобаның ғылыми жетекші болып зерттеу жұмысын жүргізуде.

2008 жылдан бері «Мектепке дейінгі педагогика» пәнінен олимпиада өткізуде бастама көтеріп, бүгінге дейін жалғасын табуда.

2009 жылы ҚР үздік оқытушысы, 2010 жылы ҚР ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін атты төсбелгімен марапатталды. ҚРБҒМ құрмет грамотасы (2014, 2019), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдығына арналған «Ұлағат» алтын медалі (2014), ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы «Үздік менеджер» медалі (2019), Алғыс хат өзгерістерді басқару жөніндегі салалық менеджерді даярлау бағдарламасына қатысу барысында салалық міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін (2021, «Елбасы Академиясы» КҚ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Исекешев Ә.Ө.)

Бүгінгі таңда Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Педагогика кафедрасының профессоры қызметін атқаруда. Мектепке дейінгі тәрбие мамандығының магистратура, доктарантура ашу бағытанда жұмыстарға жетекшілік жасауда. Білім берудің көкейкесті мәселелері бойынша халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларға ұдайы ат салысып, үнемі өз

тәжірибесін ортаға салады. Ғылыми еңбектері, идеялары, қағидалары мен көзқарастары, ұстазға тән кең жүректілігі мен ұлттық педагогика ғылымының биік шоқтығынан көрінуде.

Бүгінгі таңда адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған Сізді, көпшілік тағылымы мол тәлімгер ұстаз, ғалым, зиялы салиқалы, сабырлы да сырбаз азаматша ретінде таниды. Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде ұжымымыздың игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықтыда қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас. Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің рухани нығаюына өзіндік үлесі мол. Салмақтылық пен сабырлылықтың пәк үлгісі бола білген Сайра Нағашыбайқызы өзін қандай жағдайда да қарапайым ұстап, әріптестері мен шәкірттерінің арасында өз ойын еркін айта білетін және тыңдай да һәм тыңдата білетін майталман маман ретінде танылған ғалым. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!

Сізге шынайы шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбеттеріңізден танбай, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз! Ерен еңбегіңіздің жемісін ұзағынан көріп, бақытты ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз!

Жайнаған жүзіңізден нұр таймасын,
Ешқашан көңіліңіз ортаймасын.
Ғылыми еңбектерге қоржын толып,
Күш-қуат бойыңыздан сарқылмасын!

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.к Жумабекова Ф.Н.*

# Ғылыми еңбектері




Бұл еңбекте мектепалды топ балаларын еңбекке баулудың ғылыми-педагогикалықнегіздерімен мазмұны, әдістемесі қарастыралады.

6-7 жастағы балалардың (өзіне-өзі қызмет ету, шаруашылық тұрмыстық, қол еңбегі, табиғаттағы еңбегінде, ересектің еңбегімен таныстыруды қазақ халқының тұрмыс тіршілігі, еңбек дәстүрі, ауыз әдебиеттерін басшылыққа ала отырып ұйымдастыру әдістемесі ашылады.

Мектепке дейінгі балалардың еңбек әрекетінде технологияларды қолданудың жолдары ұсынылған.




Монографияда бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері және әдістемесі баяндалады.

Автор өзінің көп жылдық ғылыми зерттеу жұмысының және жеке тәжірибесіне негізделе отырып, қазіргі таңдағы бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекетін іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарлану, құндылық тұғырларын басшылыққа алып ұйымдастырудың жолдарын көрсетеді.




Монографияда мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың теориялық негіздері мазмұны, құрылымы және әдістемесі берілген.

Мектепалды балалары мен бастауыш сынып оқушыларының еңбектегі тәжірибесі құрылымы, психологиялық ерекшелігі және педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады.




Әдістемелік құралда жоғары оқу орынынан студенттердің ғылыми ойлау дәрежесін дамытудағы педагогтың әдіснамалық мәдениеті, ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамасы, зерттеу түрлері, зерттеу әдістері ғылыми жобаларды орындаудың әдістемесі қарастырылады.

Студенттер бүгінгі мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың көкейтесті мәселелерін таңдау, әдебиеттерге талдау және оны дәлелдей білуге, тақырыпты және ғылыми болжамды құра білуге үйренеді.




«Қол еңбегі» әдістемелік құралында мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек түрлерін қалай ұйымдастыру әдістемесі және түрлі әдістерді кешенді қолданудың жолдары көрсетілген.




Оқу құралында мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогиканың мәселелері мен міндеттері қарастырылады; мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу үдерістерінің ерекшеліктері талданады.

Авторлар педагогикалық ұжымның іс-әрекетін ұйымдастыруға, тәрбиеші тұлғасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.




Оқулықта білім беруді жетілдірудің ғылыми құралы ретінде педагогикалық зерттеуді өткізудің және ұйымдастырудың теориялық және әдіснамалық мәселелері қарастырылады.

Ғылыми зерттеудің мәні, құрылымы, қызметін меңгеруі зерттеушінің субъекті ретінде дамытудың және ғылыми-педагогикалық таным процесіндегі белсенді позициясының мәнін ашады.




2016 жылы шыққан С. Жиенбаева, З.Муфтибекованың «Сауат ашу негіздері» пәнінен №1 әліппе-дәптері 6+ жастағы балаларға арналған.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ

1. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың **«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам»** 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында мектепке дейінгі тәрбие мәселесі басты назарға алынған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығымен бекітілген Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 46, 47, 48 тармақтарында аталған басымдылықтар қамтылған:

- балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту;
- тәрбиешілердің жүктемесін азайту.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатында облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының мектепке дейінгі ұйымдарында «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталықтары», «Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобаларын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарының апробациясы өткізілуде. Пилоттық жобаға (қазан-желтоқсан 2022ж.) республиканың барлық өңірлерінен 39 мектепке дейінгі ұйым қатысуда.

**3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;
- балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;
- салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;
- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Физикалық дамыту;
Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі:
физикалық дамыған;
ізденімпаз;
бастамашыл;
табанды;
бейімделуге қабілетті, көпшіл;
өзіне сенімді;
командада жұмыс істей біледі;
эмоционалды жауапты;
өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

Жас кезеңдері мынадай:
1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар ) – 2 жастағы балалар;
2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:
ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
кіші топ – 2 жастағы балалар;
ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
ересек топ – 4 жастағы балалар;
мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

## 4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі 394 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 қыркүйекте № 29509 болып тіркелді.

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Жас топтары | |
|---|---|---|---|
| | | ерте жас тобы (1 жастағы балалар) | кіші топ (2 жастағы балалар) |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сенсорика | күн сайын | күн сайын |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | күн сайын |
| 5 | Сурет салу | - | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күн сайын | күн сайын |
| | Жапсыру | - | күн сайын |
| | Құрастыру | - | күн сайын |
| 6 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына бір рет |
| | Музыка*** | күн сайын | күн сайын |
| 7 | Арнайы түзетуші іс-әрекет | күн сайын | күн сайын |

**Ескерту:**

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Жас топтары | |
|---|---|---|---|
| | | ортаңғы топ (3 жастағы балалар) | ересек топ (4 жастағы балалар) |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | күн сайын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын | күн сайын |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына екі рет |
| | Музыка**** | күн сайын | күн сайын |
| 8 | Арнайы түзетуші іс-әрекет***** | күн сайын | күн сайын |

**Ескерту:**

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті | Аптадағы өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | күн сайын | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка**** | күн сайын | |
| 8 | Барлығы | | 20 сағат |

### 5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.

5.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

5.2. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

5.3. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

5.4. Бағдарламаның мазмұны:

дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;

өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

**Педагог балаға:**

ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді;

сыпайы және мейірімді болуды;

дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;

қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;

тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;

физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;

өзі ойнауды;

ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;

ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;

Терапия направлена на внесение в жизнь ребенка необходимых отсутствующих навыков. Основной ее принцип довольно прост: если малышу нравятся результаты и последствия его действий, то он будет с радостью их повторять. Поэтому в процессе занятий каждое достижение поощряется (похвалой, оценкой, игрушкой, конфетой), а неудача не одобряется или игнорируется. Индивидуальные занятия с применением АВА-терапии проводятся ежедневно. [1]








На начальном этапе работы проходит знакомство с ребенком, создается теплая атмосфера с помощью игр, любимых занятий и действий, которые приятны ребенку.

Также специалистами КПИ проводится тестирование поощрений со всеми воспитанниками, с целью выявления тех предметов, лакомств или видов активности, которые будут мотивировать ребенка на выполнение заданий. Проводится анкетирование с родителями, с целью выявления предпочтений ребенка.

С целью определения уровня учебных, речевых и социальных навыков было проводится тестирование ребенка. Диагностический инструментарий используемый в работе VB-MAPP, создатель теста - Марк Сандберг.

- VB-MAPP предназначен для тестирования уровня учебных, речевых и социальных навыков у детей с аутизмом и расстройствами развития. [4]
- Результаты тестирования позволяют определить цели для построения индивидуальной программы развития (ИПР) и программы по развитию речевых навыков.




На основании проведенной диагностики, определяется следующее:

- сформированы ли навыки просьбы, навыки понимания речи, навыки самообслуживания;
- сформированы ли навыки учебного поведения, усидчивости, проблемное поведение, низкая мотивация к обучению;
- сформированы ли навыки визуального восприятия;
- сформированы ли навыки обучения в группе, навыки самостоятельности, понимание фронтальных инструкций воспитателя.

С целью перехода детей из индивидуального формата в групповой формат в КПИ проводятся общие занятия, на которых формируются навыки поведения в групповом формате и понимания фронтальных инструкций. Групповые

занятия максимально повторяют условия группы, чтобы впоследствии перенести эти навыки в основную группу.





В КПИ проводятся занятия со сверстниками из общеобразовательной группы для формирования навыков социального взаимодействия. В течение учебного года все дети по мере возможностей по своему индивидуальному расписанию вводятся в общеобразовательную группу.







С родителями поддерживается ежедневная обратная связь на основании листа коммуникаций, в котором со стороны специалистов отражаются отработанные цели по ИПР за день с ребенком, со стороны родителей предоставляется информация о самочувствии и поведении ребенка, о возможной медикаментозной поддержке.

Обучаем детей умению замечать сверстников, играть с ними. Особое внимание уделяется, обучению ребенка самостоятельно заниматься игровой и академической деятельностью, приучаем детей самостоятельно выполнять серию заданий следуя визуальному расписанию.

С детьми проводится работа по привитию навыков самостоятельного приема пищи, что является большой проблемой для детей с диагнозом аутизм. С помощью карточки PECS учим невербальных детей просится в туалетНевербальным детям ввели визуальное расписание,

представляющее собой отражение событий в течение дня. На занятиях со всеми детьми используется визуальная поддержка в виде карточки «сначала-потом».[5]

Особое внимание уделяется переходу от первичных поощрений к генерализованным поощрениям, вводится жетонная система поощрений






Подводя итоги, следует отметить, что систематическая, совместная работа команда сопровождающих специалистов, которая использует в работе приемы АВА-терапии, дает возможность последовательно, шаг за шагом, развивать ребенка, социализировать и вводить в общество, позволяет детям, освоить речь, всесторонне развивать познавательную сферу, расширять представления об окружающем мире. Работа специалистов охватывает все сферы познания: от развития понятийного аппарата до становления и совершенствования бытовыхнавыковсамообслуживания.

Приемы АВА – терапии, помогают специалистам и родителям учится понимать ребенка — ведь только поняв, можно помочь.

## *Литература:*


*1. Детский аутизм и АВА : ABA (Applied Behavior Analisis): терапия, основанная на методах прикладного анализа поведения Роберт Шрамм; пер. с англ. З. Измайловой-Камар; науч. ред. С. Анисимова.— Екатеринбург : Рама Паблишинг, 2013. — 208 с.*

*2. Особые дети. Введение в прикладной анализ поведения (АВА)-Самара: Издательский дом «Бахрах-М» 2021.-208 с*

*3. Довбня С., Морозова Т., Залогина А., Монова И. Дети с расстройствами аутистического спектра в детском саду и школе: практики с доказанной эффективностью. — СПб.: Сеанс, 2018. — 202 с., ил.*

*4. VB.MAPP. Программа оценки навыков речи и социального взаимодействия для детей с аутизмом и другими нарушениями развития. Марк Санберг, Ph.D.BCBA-2008 .Руководство.*

*5. Система альтернативной коммуникации с помощью карточек (PECS) руководство для педагога. Лори Фрост и Энди Дони-М: Теревинф. 2011-416 с*



***Қосбармақова Жанылған Карбозқызы***
*Ақтобе облысы, Шалқар ауданы,*
*Шалқар қаласы,*
*«Бәйтерек» бөбекжай-балабақшасының*
*музыка жетекшісі*

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

***Аңдатпа.*** *Мақалада педагогикалық процестің балаларды тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарының негізгі формасы, оның барысында әрбір балаға жүйелі, мақсатты және жан-жақты тәрбие беретін және балалардың музыкалық қабілеттерін қалыптастыратын музыка ұйымдастырылған іс-әрекетін жүзеге асырудағы ізденіс пен қолдану тәжірибесі ұсынылады.*

***Түйін сөз:*** *ән, музыка, вокалды-хор, оркестр.*

Мектеп жасына дейінгі педагогиканың теориясы мен практикасы музыкалық қызметті ұйымдастырудың мынадай формаларын айқындап береді: ұйымдастырылған іс-әрекеті, музыканы мерекелер мен ойын-сауықта, ойында, дербес және басқа қызметтерде пайдалану. Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсеткендей: балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу. Заманауи жалпы адамзаттық, ұлттық және этно-мәдени құндылықтар негізінде Қазақстан халқының рухани-адамгершілік мұрасына баулу; балаларды құрдастарымен қайырымды, мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу; игі істер жасауға ынталандыру арқылы іске асыру.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті – белгілі бір жастағы балалардың бәрі бір мезгілде қатысатын оқу процесінің формасы. Олар ұжым болып ән айтады, ойнайды, билейді. Бәрі бірдей тебіреніс-толғанысқа бөленеді, ортақ іс атқаруға талаптанған балалар әрқайсысының ісінің сәттілігі мен сәтсіздігін – бүкіл ұжым ісінің сәттілігі мен сәтсіздігі деп біледі. Бұл, сөз жоқ, балалардың музыкалық қызметін ұйымдастырудың тиімдірек формасы болып табылады. [2,27-б]

Музыка іс-әрекеті сан алуан түрін (ән айту, музыкалық ырғақтық-қимыл, музыка тыңдау, балалар музыка аспаптарында ойнау, музыка сауатының элементтерімен танысу) қамтиды, соның нәтижесінде балалардың музыкалық қабілеттерін жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекеті баланың жеке басының көптеген жақсы қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал жасайды. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекет барысында алған біліктері мен дағдыларының іскерлігі негізінде олардың дербес музыкалық қызметі белсенді де әсерлі болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың музыкалық қабілеттері ересектермен

және өзге балалармен бірлесе қызметістеуіненкөрінеді.Әрбаланың жеке басының жетілуіне дәйекті методикалық тәсілдерді қолдану, бүкіл топ балаларына ортақтандыру арқылы ықпал жасау. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

- ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
- кіші топ – 2 жастағы балалар;
- ортаңғы топ - 3 жастағы балалар;
- ересек топ – 4 жастағы балалар;
- мектепалды тпо, мектептегі (лицейдегі, гимнеазиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар. [1,4-б]

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» базалық мазмұнындағы музыка мазмұнын қамтиды.

Әр топқа басқа да дағдылармен жас ерекшеліктеріне сәйкес, тақырыптар таңдалынып, перспективалық жоспар құрылады.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті меңгерілетен біліктері мен дағдылары сапасына деген талап, күтілетін нәтижелер топтан-топқа өткен сайын күрделене және жоғарылай түседі. Осы тұста методикалық әдістерді түрлендіре отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеті жоғары топтағы балалардың анағұрлым белсенді және өздігінен қызмет істей алатындай дәрежеде болуын ұйымдастырады. Айрықша айта кететін жай, балаларды бірден музыка іс-әрекетінің бірнеше түріне (ән айту, аспапта ойнау, музыкалық ырғақты-қозғалыс) үйрету қатарынан жүргізіледі. Ұйымдастырылған іс-әрекетін құрудың қиындығы сол, әр түрлі тақырыптағы және көңіл-күйдегі шығармалар орындалып жатқанда балалардың көңіл көтеріңкілігін бәсеңдетіп алмай, бір түрінен екіншісіне іскерлікпен аударуы керек. Ұсынылатын материалды жаттауды жүйелілікпен жүргізу: алғашқы танысу, әрекет процесіндегі дағдыларды меңгеруді қайталау, ой тиянақтау, жатталғанды қайталай орындау.

Жұмыс барысында туатын талаптарды ескере отырып, дербес ұйымдастыру формасын қолдана алады. Кейде бала ұзақ уақыт қатыспағанда өзін қалай ұстауды ұмытып, қысылады, топтың қимыл-ырғақтан шет қалып қояды. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекетінен кейін қысқа жеке ұйымдастыру жұмысын (2-3 минуттық) өткізген жөн. Баланың артта қалу себептерін анықтап,ән айтудың, қимыл жасаудың кейбір тәсілдерін түсіндіріледі және көрсетеді.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетін құрастыруды қолға алғанда мына талаптарды: балалардың ой, дене, эмоционалдық ауырлығын ескергені жөн:

Жатталатын репертуардағы қызмет түрлерінің жүйелі бөлінуі; музыкалық қабілеттердің, дағдыларды, білімдерді игерудің, музыкалық репертуарды жаттаудың дамуының мирас болып қалуы; Варианттылық және олардың жас мүмкіндіктеріне сай келуі; [2,213-б]

Осы талаптарды қарастырайық; тәрбиелеу мен оқыту мазмұны қиындық дәрежесіне қарай алуан түрлі. Ой еңбегінің белсенділігін, үлкен зейінді барынша қажет ететін тапсырмалар балаларға іс-әрекеттің бас кезінде және оның барысында, олардың ауырлығын ескере отырып берген дұрыс. Мысалы, ән айтар алдында ауыр дене жаттығуларын жасауға болмайды, өйткені олар тыныс алу тәртібін бұзады және әннің көңілдегідей болып шығуына бөгет жасайды.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің құрылымы мейлінше икемді және балалардың жасына қарай, материалдық мазмұнына, ерекшелігіне қарай түрленіп отыруы керек.

Балаларды музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде тәрбиеші белсенді көмектеседі: балалармен бірге ән айтады (дауысын балалардан асырмай) кіші топтағы балаларға музыкалық-ырғақтық қимылдарды үйрету кезінде тәрбиеші балалардың белсенділігін көтере отырып, қозғалыстың барлық түріне, қажет болса ойындарға, билерге қатысады. Мұның өзі музыка тәрбиесінің дұрыс құрылғанын көрсетеді.

Баланы мектепке дайындау – демек, оны белсенді, шығармашыл, саналы қызмет етуге үйрету деген сөз. Балалар бейімділігі ерте жастан қалыптасуды бастау алады. Ән айтады, аспаптарда пьеса шығармалар ойнап, музыка тыңдайды. Олардың өздері «концерт», «театр», «спектакль» ойындарын ұйымдастыра алады. Орыс ертегісі «Бауырсақ», «Үйшік» музыкалық ертегі сахналанды, мұнда музыкамен ән-би, көркемдік бейнені жасау, балаға ерекше сезім мен қуаныш сыйлады.

Ән адамды жігерлендіреді, қуанышқа бөлейді. Ал кейде мұңайтады, кейде жұбатады. Ән адамның ой-сезімін тәрбиелейді. [5,16-б]

Музыкалық ойын варианттарының бірі ретінде «оркестрді» атауға болады: дирижер мен музыканттар таңдалынып күрделі емес шығармаларды орындайды. Балалар музыкалық аспаптарда үйретудің мазмұны аспаптармен, құрылысымен таныстыру болып табылады. Көне музыкалық аспаптардың шаңқобыз, сазсырнай, даңғыра ұлттық құндылықтарымызды бағалауға дәріптейді. Балалардың музыкалық тәжірибесі байиды. Бұл тұрғыдан балалар XIX ғасырда өмір сүрген күйші Дәулеткерей «Қосалқа» күйін, Ықылас «Жез киік» күйін, Құрманғазы «Балбырауын» күйін, Динаның «Бұлбұл» күйін, Шалқар топырағынан шыққан атақты күйші Қазанғап Тілепбергенұлының «Шынаяқтастар» күйін ортаңғы топ балаларынан оркестрі құрылып, балалардың өз бағдарламалары қалыптасып та үлгерді. Мерекелік ертеңгіліктерде өнер көрсетіп жүр. Туған жердің өнер майталмандары ақын, әнші Сары Батақұлының өсер ұрпаққа тағылымы бар ғибрат беретін «Әридау» термелерін, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың ән-күйлерін тыңдап сусындауда.

Көшпелі халқымыз ән-күйді рухани мәдениетіне азық ете білді. Әлдилеген сәбиден бастап қарттарымызға дейін қуаныш пен мұңына музыка арқылы жеткізді. [3,100-б]

Мектеп жасына дейінгі балаларды «Бесік жырымен» ән салдыра отырып, хор өнеріне машықтандырылады. Ән үйрену кезінде мектеп жасына дейінгі балалардың вокалды-хор дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Балаларды ерте жастан бастап әншілік тұлғасын сақтауды, әнді орындаған кезде дене корпусын дұрыс ұстауға үйрету өте маңызды: аяқты тік бұрышта ұстап еденге отыру, қолдары тізесінде, басын тік ұстау. [4,5-б] Бұл істе мектеп жасына дейінгі балалардың дауыс ерекшелігін сақтай білу керек. Әнді бір-бірінен қалмай және озып кетпей сөйлемнің аяғын жұмсартып, сирек, ширақ айтуға «Барабан» музыкасын жазған Б.Дәлденбаев, «Құлыншақ» Қ.Шілдебаевтың, көңілді «Машина» К.Қуатбаев әндерін кіші топ балаларына лайықты.

Музыкалық ырғақты-қозғалыстар музыканың көркем образдарын қабылдауды, оларды қимыл арқылы

бейнелеуді жетілдіру негізінде құрылады. Осыдан келіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламадағы музыкалық-ырғақ дағдылары мен қимыл дағдыларының көлемі ескеру қажет. Балалардың бірқалыпты ырғақты сезініп, соған үйлестіре қимылдарды жасауын қалыптастыру «Балақан мен алақан» музыкасын жазған Е.Хасанғалиев, музыкаға байланысты кейіпкерлердің әрқилы қимыл-әрекеттерін беру «Мысығым» музыкасын жазған М.Әубәкіров, билеген кездегі қол соғулар, еденді аяқпен топылдату, қол бұлғау, жүгіру, жүру «Жүгіреміз, жүреміз» Е.Тилечеева, «Қояндар маршы» А.Райымқұлова музыкалары кіші топ балалары қызыға орындайды.

Музыканы қабылдау дағдыларын меңгеру музыканы тыңдау мәдениетінің алғашқы негіздері: шығарманы аяғына дейін тыңдау, оларды танып, формасын (кіріспесін, бөлімдерін) айыра білу, вокалдық музыканы аспаптық музыкадан, олардың түрлі жанрларын (би, лирикалық, салтанатты-қаһармандық) бір-бірінен айыра білуге қалыптастырады. [2,21б]

Бұл ұйымдастырылған іс-әрекеті балалардың музыкалық білік-дағды іскерлігін қалыптастырып, олардың шығармашылық, эстетикалық тәрбиесін нығайтып, қабілеттері шыңдалады.

***Пайдаланған әдебиеттер:***

*1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚРОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы);*

*2. Н.А.Ветлугина «Балалар бақшасында музыкалық тәрбие беру методикасы», Алма-Ата, издательство «Мектеп», 1981;*

*3. Қ.Болатбаев, Е.Қосбармақова, А.Еркебай «Өнер» Алматы «Мектеп», 2006;*

*4. Балалар әндерінің жинағы (әдістемелік ұсынымдарымен бірге) «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы-Астана, 2017;*

*5. Б.Ғизатов «Музыка сабағы», Алматы «Өнер», 1990;*



***Давлятчина Наизагуль Бауыржановна***
*Павлодар облысы, Павлодар қаласы,*
*«№40 сәбилер бақшасының»*
*қазақ тілі мұғалімі*

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Аңдатпа.*** *Балалардың дұрыс әрі анық сөз саптап, өз ойын дұрыс жеткізе білу мәселесі өте өзекті. Сондықтан дидактикалық ойынның көмегімен бала жаңа білім ғана алып қоймай, сонымен қатар көптеген жаңа ақпаратқа ие болады, тілін дамытады, сөздік қорын байытады. Бұл оның дамуы үшін өте маңызды.*

***Түйін сөздер:*** *дидактикалық ойын, бала тілі, ой-өріс, оқу-тәрбие.*

Дидактикалық ойындар үйлесімді сөйлеуді, лексикалық-грамматикалық құрылымды, логикалық ойлауды және мектеп жасына дейінгі балалардың назарын дамытуға бағытталған. Олардың барысында тиісті сюжет бойынша белгілі бір ойын ережелері аясында өткізілетін оқу және ойын мақсаттары іске асырылады. Бұл әдістің негізгі міндеті – бала бойында қызығушылықты, оған эмоционалды түс беру арқылы оқытудың тиімділігін арттыру [2]. Әрине, кез-келген ойынның сәттілігі оның дұрыс ұйымдастырылуына және оған дайындалуына байланысты. Ойын сәйкесінше, түсінікті және қол жеткізуге болатын мақсаттармен жасалуы қажет [1, 86].

Ойын оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың басқа түрлерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие. Ең бастысы – балаларға түсетін психологиялық жүктемені алып тастау. Бағалауды тікелей қамтитын барлық әдістер психологиялық шиеленіс жоғары мазасыздық жағдайын тудырады, білімді игерудің эмоционалды фонын төмендетеді.Дидактикалықойын,тіпті бақылау элементтерін алып жүрсе де, пайда болған қызығушылық пен олардың белсенділікке қатысуының арқасында психологиялық шиеленісті төмендетеді. Сонымен қатар, дидактикалық ойын педагогке білімді игерудің эмоционалды деңгейін арттыруға айрықша мүмкіндік береді. Педагогтің дидактикалық ойындарды ұйымдастыруы үш негізгі бағытта жүзеге асырылады: дидактикалық ойын өткізуге дайындық, оны өткізу және талдау.

Дидактикалық ойынға дайындыққа мыналар кіреді:

- тәрбие мен оқыту міндеттеріне сәйкес ойынды таңдау: білімді тереңдету және жалпылау, сенсорлық

қабілеттерді дамыту, психикалық үдерістерді белсендіру;

- таңдалған ойынның белгілі бір жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламалық талаптарына сәйкестігін анықтау;

- дидактикалық ойын өткізудің ең қолайлы уақытын анықтау;

- тәрбиенушілер басқаларға кедергі жасамай тыныш ойнай алатын ойын орнын таңдау;

- ойыншылардың санын анықтау ;

- ойынға қажетті дидактикалық материалды дайындау;

- педагогтің ойынына дайындық: ол ойынның барлық бағытын, ойындағы орнын, ойынды басқару әдістерін үйреніп, түсінуі тиіс;

- балаларды дайындау және ойнау: оларды ойын мәселесін шешуге қажетті заттар мен қоршаған өмір құбылыстары туралы білімдерімен, түсініктерімен байыта түсу.

Дидактикалық ойындарды өткізу мыналарды қамтиды:

- балаларды ойын мазмұнымен, пайдаланылатын дидактикалық материалмен таныстыру;

- ойын ережелерінің барысын түсіндіру. Бұл жағдайда педагог ойын ережелеріне сәйкес балалардың мінез-құлқына, ережелерді нақты орындауға назар аударады;

- ойын әрекеттерін көрсету, оның барысында педагог балаларды әрекеттерді дұрыс орындауға үйретеді, әйтпесе ойын қажетті нәтижеге әкелмейтінін көрсетеді;

- педагогтің ойындағы рөлін анықтау, оның ойнаушы, жанкүйер немесе төреші ретінде қатысуы;

- ойынды қорытындылау - балалар ойынға қол жеткізетін жауапты сәт, оның тиімділігін, баланың тәуелсіз ойын әрекетінде қызығушылықпен қолданылатындығын бағалауға болады. Ойынның соңында педагог балалардан ойын ұнады ма деп сұрайды және келесі жолы жаңа ойын ойнауға болады деп уәде береді, бұл да қызығушылықтарын арттыра түседі. Ойынды талдау оны дайындау және өткізу әдістерін анықтауға бағытталған: мақсатқа жетуде қандай әдістер тиімді болды.

Сөйлеу арқылы балалар қоршаған әлемді таниды, білім жинақтайды, идеялар шеңберін кеңейтеді. Сөйлеуде сипаттамаларға бай бейнелі сөйлеу - мектеп жасына дейінгі балаларда өте сирек кездесетін құбылыс. Балалардың сөйлеуінде кездесетін мәселелер: сөйлеудің кедейлігі, сөздік қорының жеткіліксіздігі, әдеби сөздердің қолданылмауы мен сөз тіркестері, сауатты және қол жетімді тұжырымдау мүмкіндігінің таяздығы, қысқа немесе егжей-тегжейлі жауап құру, логикалық негіздеменің, қорытындылардың болмауы, сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениеті дағдыларының шыңдалмауы, өз ойын толықтай жеткізе алмауы. Мұның бәрі, біріншіден, сөйлеу аппаратының және оның анатомиялық құрылымының дамымауымен, екіншіден, балалардың бір-бірімен және ересектермен қарым-қатынасының жеткіліксіздігіне байланысты. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудағы педагогикалық әсер өте күрделі және маңызды іс деп санаймын. Сөздік қорды байыту міндеті балалардың сөйлеуін әр минут, әр секунд сайын белсендіру, ата-аналармен әңгімелесуде барлық режимдік сәттерге ену керек. Оқу-тәрбие прцесінде дидактикалық ойынды тиімді қолдану теориясы мен практикасы қазіргі мектепке дейінгі тәрбие - педагогикасының ең өзекті тақырыптарының бірі. Егер мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту бойынша жұмысты құру кезінде дидактикалық

ойындарды негізге алып, оларды әр ұйымдастырылған іс-әрекетте дұрыс таңдай алсақ, онда мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту үдерісі сәтті әрі өте тиімді болар еді.





Демек, мектепке дейінгі жаста балаларда тілге деген белсенді танымдық қызығушылықты дамыту, сөйлеуді дамыту деңгейін арттыру, мектепте оқуды бастауға дайындау қажет. Ойын барысында балалардың оқуға деген қызығушылықтары, ынталары арта түседі. Нәтижесінде педагогтер ұйымдастырылған іс әрекетке қойылған міндетке жету жолын қысқарта түседі. Сондықтан дидактикалық ойындарды әр ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдануға тырысамын. Дидактикалық ойын мектеп жасындағы балалардың сөйлеу дамуының кең таралған әдісі деп қорытынды жасауға болады. Демек, мектепке дейінгі мекемелердегі педагогтер дидактикалық ойындардың көмегімен балалардың сөйлеуін дамытуы керек. Бұл балаларға сөздік қорын байытуға, өз ойларын дәл жеткізуге үйретуге көмектеседі, дәйекті түрде, айналадағы адамдармен және құрдастарымен қарым-қатынасты жақсартады. Дидактикалық ойындар, ойын тапсырмалары мен әдістері балалардың сезімталдығын арттырады, ұйымдастырылған іс-әрекетінде, ойын-сауықтарда қолдануға болады. Дидактикалық ойындар қолдану арқылы- балалардың тіл-сөздік қорлары дамыйды, жан-жақты қалыптасуына ықпалы өте зор. [3].

Балаға тәуелсіздікке, ересектердің өміріне белсенді қатысуға деген ұмтылыс тән. Баланың дамуы кезінде ол білетін әлем кеңейеді, ересектердің мұндай іс-әрекетіне қатысудың ішкі қажеттілігі туындайды, ол үлкен өмірде оған қол жетімді емес. Ойында бала өз тәжірибесінде бейнелері сақталған ересектерге еліктеуге тырысып, рөл алады. Ойнап, бала өз қалауын, идеяларын, сезімдерін еркін білдіре отырып, өз бетінше әрекет етеді. [4].

Ойын баланың айналасындағы маңызды, сипаттаманы бөліп көрсету қабілетін дамытады, оған шындық құбылыстарын тереңірек және толық түсінуге көмектеседі. Ойын баланың кейінгі оқу және еңбек қызметі үшін қажет шығармашылық қиялдың дамуына ықпал етеді. Ойын балаларда ерікті қасиеттерді қалыптастырады: өз әрекеттерін белгілі бір ережелерге бағындыру, мінез-құлқын бүкіл ұжымның міндеттерімен үйлестіру мүмкіндігі. Ойындарды дұрыс басқару баланың психикасын дамытуда, оның жеке басын қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***


*1. https://www.maam.ru/detskijsad/prezentacija-rol-didakticheskih-igr-v-razviti-doshkolnika.html*

*2. Сорокина А. И. «Дидактические игры в детском саду». М. «Просвещение», 1982, 50–51б.*

*3. Семяшкина А.И. Значение дидактических игр и заданий пр обучении грамоте // Начальная школа 1997 №2.*

*4. Бондаренко А.К. Дидактические игры в детском саду. – М.: «Просвещение», 1991, 17-18б.*



***Белицкая Наталья Васильевна***
*Акмолинская область, г. Кокшетау,*
*ГККП «Детский сад «Жулдыз»,*
*воспитатель*

# РОЛЬ ИГРЫ В ОБУЧЕНИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

***Аннотация.*** *В статье рассматривается роли игры в обучении детей дошкольного возраста. А также автор предлагает методику применения различных видов игр.*

***Ключевые слова:*** *роль игры, виды игр,  дошкольный возраст.*

Задумывались ли вы, почему дети любят играть? Помните, во что играли вы в своем детстве? Что дает игра ребенку? Дошкольный возраст – первоначальный этап усвоения общественного опыта. Ребенок развивается под влиянием впечатлений от окружающего мира. У него рано появляется интерес к жизни, работе взрослых, поэтому игра – наиболее доступный ребенку вид деятельности, своеобразный способ переработки полученных впечатлений.

В игре ребенок приобретает новые и уточняет уже имеющиеся у него знания, активизирует словарь, развивает любознательность, пытливость, а также нравственные качества: волю, смелость, выдержку, умение уступать. У него формируются начальные навыки работы в команде.

В документе «Модель развития дошкольного воспитания и обучения» акцентируется, что «игра - ведущая деятельность и основное средство развития детей». Особенности ясельного и дошкольного возраста детей заключаются в том, что дети учатся через активные действия и практику. Также, в ГОС ДВО (приказ №348 МП РК от 03.08.2022 г.) отмечено, что в воспитательно-образовательном процессе дошкольной организации, предусматриваются такие виды детской деятельности, как организованная, игровая, познавательная, коммуникативная, творческая, экспериментальная, трудовая, предметная, двигательная, изобразительная. [1] Какие виды игр мы используем в работе? Дидактические игры, чаще всего понимаемые как игры, направленные на умственное развитие детей.

Словесные дидактические игры. Они формируют слуховое внимание, умение прислушиваться к звукам речи, повторять звукосочетания и слова. Дети учатся воспринимать произведения народного творчества: потешки, прибаутки, сказки. [2]

Настольно – печатные игры. В процессе этих игр малыши усваивают и закрепляют знания в практических действиях не с предметами, а с их изображением на картинках (парные картинки, лего, домино, складные кубики).

Сюжетные и подвижные игры.

К организации игр нужно подходить обдуманно, ведь их успешное руководство, прежде всего, предусматривает отбор и продумывание программного содержания игр, чёткое определение задач, определение места и роли в целостном воспитательном процессе, взаимодействие с другими играми и формами обучения. Педагогу важно, правильным и особенным образом организовать самостоятельный, творческий процесс обучения. Подчеркивая важность «особенной организации дошкольного детства». Игра, как основной вид учения в дошкольной организации, с точки зрения развития ребёнка, может быть структурированной, свободной и под руководством педагога.

Игры под руководством педагога.

Педагог обеспечивает материал для игры, начинает или присоединяется к ней для того, чтобы направить игру или дать ребенку подсказки. Данная игра обычно дает ребенку руководство, что и когда делать. У игры под руководством педагога есть четкое завершение. Руководство игрой может помочь ребенку понять, какие шаги, умения, действия и понятия необходимы для достижения конечной цели игры. Особенности игры под руководством педагога – игровое пространство с низким уровнем стресса для ребенка, где он может оттачивать необходимые ему навыки для игр и взаимодействия с другими детьми. Как только ребенок выучил необходимые для игры действия, со временем он ведет игру без посторонней помощи.

Структурированные игры.

Это занятие или деятельность, которая имеет конкретную цель по обучению и развитию дошкольника определенным жизненным навыкам. К структурированным играм относятся двигательные игры и упражнения (прыганье, лазание), игры с водой, песком, глиной, группа игр, принадлежащих к фонду арт-терапии (рисование пальцами, кистью, пастелью, цветными карандашами).

Свободная игра.

Не имеет четких границ и правил, ребенок выбирает то, что он хочет. При этом важность данной игры заключается в развитии умения договариваться и т.д. Педагогу нужно уметь косвенно руководить свободными играми детей. Наблюдая за ними, он должен для себя отмечать, кто не умеет играть с той или иной игрушкой, кто малоподвижен или, наоборот, слишком много двигается. Учитывая индивидуальные особенности и возможности воспитанников, педагог осторожно руководит их деятельностью.[2]

Очень важно научить ребёнка самостоятельно добывать и применять знания уже с раннего возраста. Организация игр должна быть направлена на развитие различных вариантов взаимодействия между детьми и поощрение активности к общению, самостоятельности и инициативы детей, применение ими разных способов решения сложных ситуаций, должна обеспечивать доброжелательные отношения между участниками, готовность прийти на помощь товарищам, так как в п.5, главы 2 ГОС ДВО четко прописано: «В воспитательно-образовательном процессе: осуществляется целостное развитие и раскрытие потенциала каждого ребенка на основе общечеловеческих и национальных ценностей с учетом его интересов, особенностей и потребностей;

формируются двигательные, адаптивные, коммуникативные, социально-эмоциональные, когнитивные навыки, гуманное отношение к себе, семье, сверстникам, культура общения воспитанников».

Самой актуальной проблемой является то, что новые подходы в образовательном процессе требуют от педагога изменений взгляда на обучение,т.епоменятьтрадиционный формат на интерактивные методы и, естественно, соответствие предметно-пространственной развивающей среды дошкольной организации современным тенденциям. [4]

Таким образом, игра связана со всеми сторонами воспитательной и образовательной работы детского сада, и через нее мы развиваем способности и навыки SOFT SKILLS, открывающие ребенку мир возможностей. [5]

***Список использованной литературы:***

*1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. Приложение 1 к приказу Министра просвещения Республики Казахстан от 3.08.2022 г. № 348.;*

*2. Атемаскина Ю.В. Богословец Л.Г. Современные педагогические технологии в ДОУ. - Санкт-Петербург: Изд-во «Детство-Пресс», 2011.;*

*3. Сальникова Т.П. Педагогические технологии: Учебное пособие /М.: ТЦ Сфера, 2005.;*

*4. Селевко Г.К. Современные педагогические технологии: учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998.;*

*5. Интернет – ресурсы.*

*http://nsportal.ru;www.koipkro.kostroma.ru;timoshina-anyuta.narod.ru; www.maaam.ru; www.kirov.spb.ru; и др.*



***Абдазимова Асем Мейржановна***
*Шымкент қаласы,*
*№5 «Нұрсәт» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі*

# ЗАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ ДАМЫТУ

***Аңдатпа.*** *Мақалада мектепке дейінгі ұйымда заттық кеңістіктегі дамытушы ойындар арқылы баланы дамыту әдістер ұсынылады.*

***Түйін сөздер:*** *мектепке дейінгі ұйым, ойын, дамытушы әдістер.*

Балалық шақ – адам өміріндегі оның субъективтілігінің қалыптасу болашағын анықтайтын құнды кезең. Мектепке дейінгі жаста іргетас қаланады, ол кейінірек балаға кез келген арнайы білімді сәтті меңгеруге мүмкіндік береді. Балаларда ойын әрекетінде психикалық процестер жақсы қалыптасады. Педагогтардың алдында әрбір баланың мектепке дейінгі балалық шақтағы бақытты және мазмұнды өмір сүруіне мүмкіндік беру міндеті тұр. Ойын баланың мүмкіндіктерінің шегінде оның қажеттіліктері мен сұраныстарын жүзеге асыру тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Ойындарды дамыту жүйесі келесі принциптерге негізделген:

- бала іс-әрекетіндегі ойын және оқу элементтерінің үйлесуі және ойын – ойын арқылы көңіл көтеру – тапсырмалардан оқу-танымдық әрекетке біртіндеп көшу;

- оқу тапсырмасының және ойын жағдайларының біртіндеп күрделенуі;

- ұсынылған тапсырмаларды шешуде баланың психикалық белсенділігін арттыру;

- баланың сыртқы және ішкі (психикалық) әрекеті мен қарқынды ақыл-ой еңбегіне біртіндеп көшу арасындағы органикалық байланыс пен қатынас;

- оқыту мен тәрбиелік ықпалдардың бірлігі.

Осы принциптерді іске асыру нәтижесінде баланың өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі бақылауының бастапқы нысандарын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар жасалады, бұл оның оқу қызметі үшін де, оның толыққанды өмір сүруі үшін де маңызды. құрдастар тобы.

Оқыту ойындары оқытудың екі принципіне негізделген – қарапайымнан күрделіге қарай және «қабілеттеріне қарай өз бетінше». Бұл ойында шығармашылық қабілеттерді дамытуға байланысты бірнеше мәселелерді бірден шешуге мүмкіндік берді:

- танымдық ойындар жастайынан санаға азық бере алады;

- олардың тапсырма-қадамдары әрқашан қабілеттердің дамуының алдында жағдай жасайды;

- көтерілген сайын, өз төбелеріне тәуелсіз бала ең табысты дамиды;

- оқу ойындары өзінің мазмұны

бойынша өте алуан түрлі болуы мүмкін, сонымен қатар, кез келген ойындар сияқты, олар мәжбүрлеуге жол бермейді.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының дамуы негізгі құралдардың бірі – орта. Орта – баланың жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибесінің көзі. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық кеңістіктегі орта мектепке дейінгі баланың белсенділігі ғана емес, өздігімен әрекетін, өздігінен білім алуын қамтамасыз етеді. Ересектер баланы өнерге баулығанда жеке тұлғаның эстетикалық және өнегелік жағынан дамуына, оның «ізгіленіп, өнерден бірлесіп ләззат алуына жағдайлар жасайды». Жеке тұлғаға бағдарланған үлгінің қағидалары мектепке дейінгі ұйымды дамытушы орта құрудың мына ұстанымдарын қамтиды:

- аралықтар, өзара әрекеттестік кезіндегі орныққан орындары;
- белсенділік, дербестік, шығармашылық;
- тұрақтылық-ұтқырлық;
- жинақылық пен оңтайлылық;
- ортаның әсерлілігі, әр бала мен ересектің жеке жайлылығы мен сезім қолайлылығы;
- ортаны эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруда үйреншікті және әдеттен тыс элементтерді үйлестіру;
- ашықтық-жабықтық;
- балалардың жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеру.

Дамытушы ортаны құрудың зерттелген ұстанымдарын айта келе, авторлар мынадай тұжырым жасады: «Балалар мекемелерінде ортаны ұйымдастыру осы аймақпен тарихи байланысты фольклор элементтері бар сәндік-қолданбалы кәсіпшілік мәдениеттің аймаққа тән ерекшеліктеріне де негізделеді. Бұл, сөз жоқ, балалардың отаншылдығын, өзінің туған жері үшін мақтаныш сезімін, «шағын отан» туралы түсініктері мен оған деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға көмектеседі». [2].

Оқу ойындарында көптеген сұрақтарға өз бетінше жауап табу мүмкіндігі жасырылады: пішіндер үйлесімінің үйлесімділігі қандай, түстер мен пішіндердің бір уақытта өзгеруін қалай қамтамасыз ету, ойын құрылғысының пішінін өзгерту және т.б. , бұл «Үлгілерді бүктеу», «Unicube», «Лотос гүлі» және т.б. сияқты ойындарға тән. Дамытушы ойындардың әрқайсысы, әдетте, шындықтың үлгісі болып табылады. Ойындарда алынған жеке қасиеттер (дербестік пен бастамашылық, шығармашылық және т.б.) және дағдылар (біріктіру, ұсыну, өзгерту және т.б.) кез келген оқу және өмірлік жағдайда қолданылады.

Соңғы жылдары мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесінде В.В.Воскобовичтің ойын технологиясының «Ойынның ертегілік лабиринттері. Ойлауды, есте сақтауды және зейінді дамытуға бағытталған 3-7 жас аралығындағы балалардың интеллектуалдық қабілеттерін қарқынды дамыту технологиясы. «Ойынның ертегілік лабиринттері» педагогикалық технологиясының негізгі принципі – балалардың ойында дамуы, оның көмегімен мектеп жасына дейінгі баланың бүкіл дерлік оқу процесі құрылады. В.В. Воскобовичтің айтуынша: «Бұл жай ғана ойын емес, бұл танымдық әрекет». [4].

Қазіргі заман педагогі мектеп жасына дейінгі баланы – шығармашылық дамыған, белсенді, еркін, танымдық қабілеттері жоғары деңгейде дамыған етіп тәрбиелеуді мақсат етеді.

Кішкентай баланы тәрбиелеудің маңызды міндеттерінің бірі - оның ақыл-ойын дамыту, жаңа нәрсені оңай меңгеруге мүмкіндік беретін

осындай ақыл-ой дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін мектептегі білім беруге дайындаудың мазмұны мен әдістері, атап айтқанда, математикаға дейінгі дайындық осы мәселені шешуге бағытталуы керек. Бұған өз мүмкіндіктері бойынша бірегей дидактикалық материалдар – Гьенеш логикалық блоктары мен Кюйзенер таяқшалары, сондай-ақ осы материалдармен ойындар мен жаттығуларды пайдалануға негізделген мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық-математикалық идеялары мен дағдыларын дамыту жүйесі көмектеседі.

Мектепке дейінгі дидактикада әртүрлі оқу материалдары қолданылады. Дегенмен, мектепке дейінгі тәрбиенің барлық кезеңінде психикалық даму үшін маңызды барлық нәрсені, атап айтқанда математикалық, ақыл-ой дағдыларын кешенді түрде қалыптастыру мүмкіндігі көпте беріле бермейді. Ең тиімді құрал – балалардың ойлауын математиканы оқуға дайындау үшін венгр психологы және математигі Гьенеш жасаған логикалық блоктар.

Логикалық блоктармен әртүрлі әрекеттер процесінде балалар математикаға дейінгі дайындық тұрғысынан да, жалпы білім тұрғысынан да маңызды болып табылатын әртүрлі ақыл-ой дағдыларын игереді. Арнайы құрастырылған ойындар мен блоктармен жаттығуларда балалар ойлаудың алгоритмдік мәдениетінің қарапайым дағдыларын, санада әрекеттерді орындау қабілетін дамытады. Логикалық блоктардың көмегімен балалар зейінді, есте сақтауды, қабылдауды жаттықтырады.

Мектепке дейінгі жаста баланың ой-өрісін, оның танымдық белсенділігін ояту, ол білімді өздігінен ізденуге үйрену үшін маңызды. Бала кезінен «стандартты шешімнің» дайын рецепті бойынша мөртабан бойынша іс-әрекетке үйренген бала одан тәуелсіз ой мен шешім қажет болған жағдайда жоғалады.

Мектепке дейінгі жаста әртүрлі есептерді шешу жалпы ақыл-ой қабілеттерін: ойлау логикасын, пайымдау мен әрекетті, ойлау процесінің икемділігін, тапқырлық пен тапқырлықты, кеңістікті бейнелеуді қалыптастыруға және жетілдіруге ықпал етеді. [5].

Балабақшаның әр түрлі жас топтарындағы заттық кеңістіктегі дамытушы орта ұйымдастыра отырып, педагогтар балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық-бағытталған моделі қағидасын есте ұстаулары керек. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-кеңістіктегі дамытушылық орта белгілі талаптарға жауап береді: бұл, бәрінен бұрын, баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету. Сонымен бірге балалар белгілі оқыту бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын мектепке дейінгі ұйымда болатын сол жағдайды және мектепкедейінгіжастағыбалалардың жас ерекшеліктерін ескермеуге болмайды. Бұл мектепке дейінгі ұйымда балалармен ойнау құқығын жүзеге асыру үшін жағдайлар құрып, пайдалы ойындардың әр түрлі түрлерін ұйымдастыру үшін оны әмбебап заттық ойындық ортамен жабдықтап, ойын үшін қажетті барынша ыңғайлы күн тәртібіндегі уақыт емес, сонымен бірге ыңғайлы орын бөлу.

Мектепке дейінгі ұйымдардың топтарында заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде

күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекет қажет. Себебі ойыншықтардың алуан түрлі болуы баланың дамуына негізгі жағдай болып табылмайды. Сондықтан тәрбие-шілер топты дұрыс стандартты емес жабдықтай білуі керек.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық-кеңістікті дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде үлкен рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық-кеңістікті дамытушы орта балаларда қуаныш сезімін балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер және білімдермен байытады, белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді [6].

## *Әдебиеттер тізімі*

*1. Данашева А. Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі Бастауыш мектеп. № 10.*

*2. Петровский В.А., Кларина Л.М., Смывина Л.А., Стрелкова Л.П. Построение развивающей среды в дошкольном учреждении. М.: Новая школа, 1993.*

*3. Нұсқабаев О. Мектеп-жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы: Қазақстан, 1997.*

*4. Мудрик А.В. Социализация и смутное время. М.: Просвещение, 1995.*

*5. Крылова Н. Детский сад-дом радости.Библиотека для воспитания, 1992.*

*6. Дыбина-Артамонова О.В. Предметно-пространственная среда: её роль в воспитании личности // Дошкольное воспи- тание. 1995.№ 4.*



***Акжигигитова Марал Оспановна***
*Астана қаласы,*
*№47 «Ақ желкен» балабақшасының*
*әдіскері*

# БАЛАБАҚШАДА ТЕАТР ҚЫЗМЕТІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Аңдатпа.*** *Бұл мақалада белгілі әдістемелер мен технологиялардың элементтерін біріктіруден тұратын театрлық ойын технологиясы-театр интерактивтілігін қоса отырып, оқу қызметі жүйесін құру, түрлі қызмет түрлеріне театрлық ойын технологияларын енгізу арқылы балаларды жан-жақты дамыту жолдары ұсынылады.*

***Түйін сөздер:*** *коммуникативтік құзыреттілік, театрлық белсенділік, ойын технологиясы, интерактивті театр, үйдегі театр, коммуникативтік-шығармашылық даму.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында қазіргі қоғамның әлеуметтік маңызы бар міндеті-қызметтің түрлі салаларындағы стандартты емес міндеттерді шешуге дайын тұлғаның шығармашылық дамуы қойылған. Тәрбиеленушілердің коммуникативтік-шығармашылық даму деңгейін арттыруға ұмтылу осы тәжірибенің өзектілігін растайды және қарама-қайшылықтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: Олар, балалардың шығармашылық даму процесі мен дәстүрлі білім беру жүйесі арасында; қоғамның коммуникативтік құзыреттілік, жалпы мәдениет деңгейін арттыруға қажеттілігі және балаларды театрланған қызметке тартудың тәжірибесі жеткіліксіздігі.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттердің негізгі түрлері ұйымдасқан әрекетте, жеке жұмыстарда, театрландырылған ойындарда, сауықтарда, мерекелерде, үйірме жұмыстарында ұйымдастырылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыруға тән ерекшеліктері олардың мазмұнының әдеби негізі және көрермендерінің болуы (Л.В. Артемова, Л.В. Ворошнина, Л.С. Фурмина және басқалар) Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми (О.В. Акулова, А.Г. Гогоберидзе және басқа) жасалған талдаулар мектепке дейінгі ұйымдарда мақсатты түрде дамытуға бағытталған театрландырылған әрекеттерді қолданудың тиімділігін дәлелдеді. [1,5-бет]

Егер, бала үшін ойын – бұл өмір сүру, айналаны тану тәсілі болса, театралдық ойын – бұл өнерге қадам жасау, көркем іс-әрекеттің бастауы. Театр ойындары балалардың белсенді қатысуға

арналған, педагогикалық процестің қатысушысы– бала. Жаңа білім проблемалық жағдайлар түрінде беріліп, балалар мен ересектерден бірлесе белсенді іздеуді талап етеді. Тақырыптық жоспар әр топта жас ерекшелігіне байланысты баланың қызығушылығын туғызатындай етіп құрастырылады. [2,112-бет]

Тәжірибенің теориялық негізін театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Наталья Ильинична Сацтың педагогикалық идеялары құрайды. Ол Ресейде ең танымал балалар театрын құрды, онда балаларға қызықты, түсінікті болу үшін спектакльдер қоюды ұсынылды. Оның педагогикалық теориясының негізгі мәселесі – тәрбие беру идеясы.

Театрландырылған іс-әрекет бойынша жұмыс жүйесі балаларды шығармашылыққа ынталандыратын әдістер мен тәсілдер инновациялық сипатта құрылады:

- Балалардың дербестігін дамыту үшін әртүрлі тәсілдері;
- Балалардың қалауы бойынша рөлді таңдауы;
- Ең батыл, ұялшақ балалардың басты рөліне тағайындау;
- Карточка бойынша рөлдерді бөлу.
- Жұпта рөлдерді ойнату (осы қабылдаудың арқасында балалар ертегідегі сөздерін білетін кез-келген рөлдерде бір-бірін алмастыра алады). [3,72-бет]

Театр қызметіндегі ойын технологиясы:

- оқылатын материалдың тақырыбын немесе мазмұнын меңгеру үшін;
- оқу қызметі немесе оның бөлігі ретінде (енгізу, түсіндіру, бекіту, жаттығулар, бақылау);
- балабақша ұжымы қалыптастыратын білім беру бағдарламасының бір бөлігі ретінде қолданылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінде және дербес қызметте алынған импровизациялық біліктерді пайдалана отырып, мерекелерге, бос уақыттарға және ойын-сауықтарға белсенді қатысу ниетін көтермелеу. Тәрбиешінің басты міндеті-ойын-драматизация түрлерін меңгеру есебінен балалардың ойын тәжірибесін біртіндеп кеңейту. Бұл бала жасайтын ойын тапсырмалары мен ойын-драматизацияның дәйекті күрделенуімен қол жеткізіледі.

Театр қызметіндегі ойын технологиясы жалпы мазмұнмен, сюжетпен, кейіпкерлермен біріктірілген білім беру процесінің белгілі бір бөлігін қамтиды. Балалармен бірлескен қызметтің ойын түрі баланы қызметке ынталандыру құралы ретінде әрекет ететін ойын тәсілдері мен жағдайлардың көмегімен құрылады. Ойын технологиясындағы педагогикалық ойынның басты белгісі-оқытудың нақты қойылған мақсаты және оқу-танымдық бағыттылығымен сипатталатын оған сәйкес келетін педагогикалық нәтижелер.

Театрлық ойындардың түрлері:

1. Театрландырылған элементтері бар ойындар.
2. Ойын-сабақ.
3. Театрландырылған әңгіме.

Театрлық-ойындық іс-әрекетті басқару педагогтен жұмысты жүйелі құрабілуді, мазмұнды материалдарды таңдай білуді, педагогикалық міндеттерді қоюды және шешуді талап етеді, оның мақсаты балалардың шығармашылық және театрлық қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Педагог балаларға іс-әрекеттерді ұйымдастыруға көмектесуі керек. Шағын шығармашылық топтарға бірігуі, бірге дайындалуы, әдеби шығармаларды басынан аяғына дейін реттеу және ойнауды ұйымдастыра білу.

Мұның бәрі балаларды театрлық ойындарға белсенді қатысуға дайындауға көмектеседі және балалардың эмоционалдық көңіл-күйін арттырудың, олардың қарым-қатынасын, мәнерлі сөйлеуін дамытудың тамаша тәсілі болып табылады. Бұл үшін балалар сөздер мен қимылдарды сәйкестендіруді, берілген ырғақты үлгіні орындауды білуі керек. Бұл жұмысты орындауда балалар рифмалары, әзілдер, жаңылтпаштарды қолдану өте қолайлы. Балаларға театрландырылған ойындарды ұсына отырып, педагог барлық іс-әрекет барысын нақты болжауы керек. Негізгі және қажетті шарт - балаларға жақсы таныс, яғни олардың жасына сәйкес келетін шағын шығармаларды таңдаған жөн. Музыкалық материалды таңдағанда да өте мұқият болу керек. Музыка жас мүмкіндіктеріне қарай жарқын, жеңіл, балаларға түсінікті болуы керек. Ән материалы балалардың мүмкіндіктеріне, олардың табиғи диапазонына сәйкес болуы керек.

Балалардың театрлық қызметіндегі интерактивті театр. Интерактивті театр-бұл кішкентай спектакльдер, көрермендермен жұмыс істеудің эксперименталды әдістері және басты рөл атқаратын спектакльдер ұсынады. Бұл қызықты, көңілді, музыкалық қойылым, реквизит, декорациялар, костюмдер, кейіпкерлер сюжеттік желі жүргізіп қана қоймай, көрермендерді өз іс-әрекетіне тартады, олармен ойнайды, ертегі оқиғаларында өзін сезінуге мүмкіндік береді. Интерактивті театрда басты рөлде - көрермен.Әсіресе, егер бұл балалар театры болса, ал біздің аудитория-балалар. Театрландырылған ойындарға балалар қуана қосылады: қуыршақтардың сұрақтарына жауап береді, олардың өтініштерін орындайды, кеңестер береді, ролге енеді. Олар қуыршақпен бірге күліп, жылайды, оларға төнетін қауіптер туралы ескертеді, әрдайым өз кейіпкелеріне көмекке келуге дайын тұрады.

Үйдегі театр. Ата-аналар мен педагогтардың қолдауымен бала тәрбиесіне жауапкершілік деңгейін арттыру мақсатында үй театры – балабақшаның ата-аналармен өзара іс-қимылының конструктивтік түрі. Үйдегі ата-аналардың көпшілігінде өзіндік театр-ойын қызметі үшін жағдай жасалады. Ата-аналар балалармен бірге шағын-көріністерде ойнайды, олар балабақшада үйренгендерін үйде қайталап, топта көрсетеді. Егер отбасы мүшелерінің біреуі қандай да бір музыкалық аспапта ойнау дағдыларын жақсы меңгерген болса, онда музыкалық шағын спектакльдер қоюы мүмкін.[4,1-5-бет]

Балалардың театрлық қызметінде шығармашылық-коммуникативтік қабілеттерін ойын технологиясы арқылы дамытудың тиімділігін анықтау мақсатында балабақшада эксперименттік алаң жұмысы жүргізіледі. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында эксперименттік топтарда театр кабинетінде күннің 2-жартысында аптасына бір рет өткізіледі.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жинақталған тәжірибені балалар тақырыптық мерекелерге арналған ертеңгіліктер барысында сахналық қойылымдар, мюзикл түрінде көрсетті. Топтарда дамытушы орта жаңа үлгідегі театр түрлерімен толықтырылды. Театр апталықтары өткізіліп, сахналық қойылымдар, ашық іс-әрекеттері, «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында сурет көрмесі, ұйымдастырылды. «Сиқыршылар елінде» театр костюмдерінің байқауына

балалармен бірге ата-аналар да қызығушылықпен белсене араласты. Эксперименттік топ тәрбиеленушілері мәнерлеп оқудан түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындар алды. Эко-асар акциясына қатысып, «MyecoSchool. kz» сайтында бейнематериалдар жариялап, арнайы дипломдармен марапатталды. Биылғы балалар жылына орай Қазақстан Республика-сының Ұлттық музейінің ұйым-дастыруымен өткізілген «Балдырған Гид» жобасына қатысу арқылы 8 тәрбиеленуші музей тарихында алғаш рет «Дарын» мектебінен келген 3-сынып оқушыларына музей экспонаттарын таныстырып, алғыс хаттармен марапатталды. Қаламыздағы қуыршақ театрына балалардың ата-аналарымен бір-неше рет баруы ұйымдастырылып, балалар театр және актерлер туралы жаңа білім жинақтады. Қалалық, балабақшаішілік семинарлар мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы театрландырылған іс-әрекеттің рөлі және оны ұйымдастыру туралы педагогтердің білімін кеңейту және жүйелеу мақсатында өткізілді. Қатысушыларға театр бойынша сұрақтар қойылып, қатысушылармен кері байланыс орнатылды. Топтық жұмыс барысында педагогтер театр түрлері бойынша ертегілерді ойын технологияларын пайдалана отырып, әртүрлі нұсқада сахналады. Үй жағдайында бала мен ата-анаға тығыз қарым-қатынас жасауды көздейтін «Біз үйде де театр ойнаймыз» атты ата-аналардың балалармен бірлескен жұмыстарынан бейне материалдар жинақталды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесін-де театр қызметінде ойын технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, есте сақтау, шығармашылықпен ойлау, қиялды дамыту, құрдастарымен және отбасында жағымды қарым-қатынас жасау, эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу, театрда, қоғамда мінез-құлық ережелерін үйретуге арналған білім беру және тәрбиелік міндеттерді шешуге болатынын көрсетті.

***Әдебиеттер тізімі:***

*1. Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекетті ұйымдас-тыруға әдістемелік ұсынымдар/«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы–Астана, 2016.;*

*2. Родина М.И.,Буренина А.И. Кукляндия: Учеб.-метод. пособие по театрализованной деятельности.СПб.: Изд-во «Музыкальная палитра», 2008.;*

*3. Черникова Т.В. Авторская программа по театрализованной деятельности «Театральный дебют» для детей 5-7 лет. Самара, 2017.;*

*4. Захарова Е.В. Театрально-игровые технологии в детском саду [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://infourok.ru/teatralnoigrovie-tehnologii-v-detskom-sadu-1191534.html (28.01.2019).*



***Тезекова Айнагуль Сериковна***
*Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы,*
*КМҚК «Ақерке» бөбекжайының*
*тәрбиешісі*

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТАРУ

***Аннотация.*** *Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау жұмыстарын ұйымдастару өзектілігі жайлы баяндалады. Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастару балалардың ойлау процестерін белсендіріп, зерттелетін объект туралы мағұлмат береді.*

***Түйін сөздер:*** *Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастару, балалардың ойлау процестерін белсендіру, зерттеу ортасы, зерттеу әдістері.*

Бүгінгі таңда қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму қарқынына орай мектепке дейінгі ұйымдарының алдына белсенді, жаңалыққа жаны құмар баланы тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. 2021 жылы қабылданған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамудың жаңа моделінде баланың танымдық белсенділігін, қызығушылығын қанағаттандару басым орын алады. Осыған орай қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау-зертеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекше маңызды болмақ.

Жалпы жобалау, зерттеу жұмыстары - инновациялық технологиялардың қолданудың бір бағыты. Оған мектеп жасына дейінгі баланың табиғатына сай келетін заманауи, мәселелік, шығармашылық зерттеу әдістер жиынтығын қолдану кіреді.

Жобалау әдісі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында АҚШ-та пайда болды, оның негізін американдық философ, психолог және педагог Дж. Дьюи салған. Ол баланың жеке қызығушылығына сәйкес баланың тиісті іс-әрекеті негізінде танымын дамытуды ұсынды. Одан әрі жобалау әдісі проблемасының зерттелуі У.Х. Кильпатрик, Э. Коллингс, Е. Пракхерст, И.Ф. Свадковский, С. Френе және т.б. еңбектерінде көрініс тауып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл жобалау әдісінің негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі баланың өз іс-әрекетін зерттеу сипаты бойынша танымдық процестерін (қабылдауын, ойлауын, сезінуін, есте сақтауын) дамытуды ұйымдастыру идеясы болып табылады.

Аталған технологияны елімізде зерттеп, теориялық білімдер ұсынған ғалымдар қатарына Бахишева С.М., Жиенбаева С.Н., Сыздыкбаева А.Д., Кулмагамбетова С.С. және т.б. атап өтуге болады.

Ал қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау, зертеу жұмыстарын балалармен ұйымдастырудың әдіс-



昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20131007085919261001

темесі жан-жақты жетілдіруді талап етеді. Сондықтан, көп жағдайда мектепке ұйым педагогтері шетелдік тәжірибеге көп сүйенеді. Осыған орай көтеріліп отырған мәселенің өз елімізде шешімін толық таппауы және мектепке дейінгі балалармен жобалау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастару әдістемесіне деген сұраныстың жоғары болуы арасындағы қарама-қайшылықтар мақала тақырыбының өзектілігін айқындап отыр.[1]

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалау, зерттеу әдісін іске асыруда негізгі келесідей мәселелерді анықтайды: біріншісі, жоғары оқу орындарын бітірген мамандар мектеп жасына дейінігі баланың дамуына біртұтас көзқарас тұрғысынан оның жеткіліксіз әзірленуі және педагогтердің жобалау, зерттеу жұмысын ұйымдастыруға әлеуеттерінің әлсіздігі. Бұдан, жобалық, зерттеу жұмыстарын мектеп жасына дейінгі балалармен ұйымдастырудың өзектілігінің өткір тұрғанын дәлелдейді. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің мақсаты баланың танымын дамыту ол арқылы баланың танымдық процестерін күшейту, оған есте сақтау қабілетін байытып, ойлау процестерін белсендіре отырып, балаларға зерттелетін объекті туралы әртүрлі ақпарат беріп, оның басқа объектілермен және тіршілік ету ортасымен қарым-қатынасы туралы нақты түсініктерін кеңейте беруі тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (2022 ж.) талаптарына байланысты баланың негізгі даму деңгейі ретінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға деген көзқарас елеулі түрде өзгеруде. Мысалы баланың танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда сенсорлық эталондар, қарапайым ұғымдар мен түсініктер туралы түсініктерді қалыптастыру; сындарлы іс-әрекет тәсілдерін игеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық мәдениетті құрметтеу жөніндегі міндеттерді шешу.

Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша педагогтарға әдістемелік көмек көрсету. Жобалау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып отырсақ, бала өзін және осы әлемдегі орнын сезіне бастайды, қарым-қатынас жасауды, басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасауды үйренеді. [2]

Жобалау, зерттеу әдісін қолдана білу - тәрбиешінің жоғары біліктілігінің көрсеткіші, оның балаларды тәрбиелеу мен дамытудың прогрессивті әдістемесі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау, зерттеу жұмыстарына балалар эксперименті жатады. Балалар экспериментінің басты артықшылығы - ол ақыл-ойды белсендіреді, сөздік қорын байытады, баланың жеке дамуына түрткі болады. Бала өзі табиғатынан зерттеуші. Осы мектепке дейінгі жас кезеңінің өзіндік ерекшеліктеріне орай ол барлық қоршаған ортадағы болып жатқан құбылыстарды танып білгісі келеді. Оның көкейінде мыңдаған ой, жүздеген сұрақ болады. Бұл не? Қалай? Неге олай? сияқты мыңдаған сұрақтарға жауап іздейді. Ендеше осы сұрақтарға жауап алуды тәрбиеші балалармен бірлескен мақсатты іс-әрекет барысында іске асыратын болса, онда балалардың танымдық процестері дамып, қоршаған ортаны ғылыми әдістер арқылы танып білуге қызығушылығы артар еді. Сол арқылы ол айнала қоршаған әлем туралы қызықты да, пайдалы мағлұматтар жайында білімдерін де толықтыра түседі.

Біздің КМҚК «Ақерке» бөбекжайымыз қоғам талабына сай иновациялық технологияларды оқу-тәрбие жұмысына ендіру мәселесінен тыс қалып жатқан жоқ. Осыған орай бөбекжайымызда жобалау, зерттеу технологиясын іске асыру деңгейін анықтау үшін, алдымен тәрбиешілердің жобалық жұмыстарының мазмұны мен қолданатын зерттеу әдістері зерделенді. Зерделеу жұмысына бөбекжайымыздың әдіскері әдістемелік тұрғыдан көмек беріп, бірлесе отырып, бөбекжай тәрбиешілерінен шағын сауалнама алдық.

Сауалнамада сіз өзіңіздің педагогикалық тәжірибеңізде жобалау, зерттеу әдістерін қолданасыз ба? деген сауал бойынша респонденттердің 60%-иә деп жауап берсе, ал 30% жоқ, қалған 10% сирек деген жауап нұсқасын таңдаған.

Сіздің ойыңызша, сіз инновациялық технологияларды енгізуге дайынсыз ба? Сауалға 50% - иә деп жауап берсе, ал 20% жоқ, қалған 30% жауап беруге қиналатындарын айтты.

Сіз жобалық, зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты педагогикалық қиындықтарға тап боласыз ба? деген сауалға 60%-жоқ деп жауап берсе, ал қалған 40% жоқ деген жауап нұсқасын таңдады.

Бұл сауалнамадан алынған нәтижелерден жалпы бөбекжайымыздың инновациялық технологияларды оқу-тәрбие жұмысына ендіру қарқыны бойынша оң нәтижені көрсеткенін байқаймыз.

Жалпы нәтижелер диаграммалық көрсеткіштерде төмендегі суреттерде бейнеленген.












昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20131007085919261001

Сонымен, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұны жағдайында жобалау, зерттеу жұмыстарын енгізуге психологиялық-педагогикалық жағдайлардың дайындығы туралы айта отырып, тәрбиешілер әр баланың дамуы үшін жағдай жасауға, ересектердің балалармен өзара әрекеттесуіне саналы түрде жүгінуі керек деп ерекше атап айтқым келеді. [3]

Жобалау, зерттеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру балалардың танымдық дамуындағы маңызды өзгерістерге, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының дамуына әсер етеді.

Осылайша, жобалау, зерттеу жұмыстары барысында мектепке дейінгі балада зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік, зерттеушілік келесідей қабілеттер қатары дамиды, баланың мектепке дайындығы күшейеді, жобалау, зерттеу жұмыстары бастауыш мектептегі «Дүниетану», «Жаратылыстану» пәндерін оқытуға негіз болып табылады.

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалармен жобалау, зертеу жұмыстарын ұйымдастыру - бұл мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңа бағатта қалыптасуына оңтайлы әсер етеді, бәсекеге қабілеттілігін арттырады, ең бастысы баланы дамытады.

Мақаланы Мағжан Жұмабаевтың сөзімен аяқтағым келеді «..тәрбиенің мақсаты баланы тәрбиешінің дәл өзіндей шығару емес, келешек өз заманына сай қылып шығару керек» - демекші, біз мектепке дейінгі ұйым педагогтері қазіргі инновациялық технологияларды тәрбие мен оқу қызметінде жүйелі қолдансақ ұрпақ үшін сауапты іс атқарып, нормативтік құқықтық актілердің міндеттерін оң бағатта шешуге ықпал етеміз.







***Пайдаланылған әдебиеттер:***


*1. Жиенбаева С.Н., Сыздыкбаева А.Д. Проектная деятельность- как инновационный феномен в дошкольном образовании.;*

*2. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты,2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080.;*

*3. Жалпы психология: Қадіржан Сейталиев, Мектеп» 1982 ж. «Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленушілермен жұмыстың психологиялық ерекшеліктері» Елшібаева Күләш.*



***Абдикаримова Шолпан Мауленовна***
*Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы,*
*«Қарлығаш» бөбекжайының*
*педагог-психологы*

# ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА ЖАҢА ФОРМАЛАР ЖӘНЕ ВАРИАТИВТІ МОДЕЛЬДЕР

***Андатпа.*** *Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдағы ересек топ балаларымен үйірме жұмысында шахмат ойынын ойналуы мен пайдасы туралы айтылады.*

***Кілтті сөздер:*** *интеллектуалдық даму, дарындылық, вариативтік модельдер.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы және адамның дарындылығын таныту» мәселесі қозғалғаны белгілі. Осы үшін дарындылықты анықтап алу негізгі шарт.

«Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті қолданып, баланың қабілетін және дарынын ашу - педагог міндеті. Бала бойындағы ерекшелікті танып, соған бағыттап, дарынды баланың болашағының іргетасы дұрыс қалануына мүмкіндік жасауымыз қажет. [1]

«Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек» – деп Мұхтар Шаханов айтқандай бала тәрбиесі әр кезде жан-жақтылықты, бір жүйелілікті қажет ететін үлкен мәселе.

Қазіргі кезде әр білім ордасындағы міндет баланың жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын анықтау және дамыту. «Дарынды» деп қабілеті көпшіліктен басым, ерекше баланы айтамыз. Дарынды балалар өзге балалардан ақыл-ойымен, дарындылығымен ерекшеленеді. Баланың дарындылығын анықтап, дамытуда төмендегідей мақсаттар мен міндеттердің болуы шарт:

- дарынды баланың ақыл-ойының, эмоциналдық, әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;
- коммуникативті бейімдеу;
- жан-жақты ақпараттандыру;
- дарынды баланың шығармашылық қабілетінің ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі көрсетуге көмек көрсету;

Балабақшада дарындылықты дамытудың негізгі бағыттары мынадай:

- зияткерлік,
- шығармашылық,
- спорттық,
- көркем-эстетикалық,
- қолөнер дарындылығы.

Дарынды балалардың креативтік



昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20131007035919261001

қабілетін, ойлауын дамытуда әлеуметтік-психологиялық жұмыстардың рөлі зор.

Әлеуметтік-психологиялық жұмыстар бұл арнайы таңдалған жаттығулар топтамасы, жеке тұлғаның психикалық қасиеттерін қалыптастыру, балалармен жұмыстарды ұйымдастыру және әртүрлі әдістерді меңгерту. Бұл психологиялық жұмыс – дарынды баланың ой-өрісінің деңгейі мен іс-әрекетінің ерекше өрістенуіне себепкер болып, баланың жан-жақты дамуының қайнар көзі екендігі сөзсіз. Психологиялық жұмыс арқылы бала ойлау қабілеті, зейіні, сөйлеуі мен қиялы, шығармашылығы дамиды. Негізінен баланың дарындылығын өте ерте жастан байқауға болады. Баланың дамуының өте қарқынды кезеңі ол екі жастан бес жас аралығы. Осы жастағы балаларда тұлғалық қасиет қалыптасып, өзін көрсете бастайды. Әр саладағы әрекеттерде ырық бермей, алғашқы ықтиярсыз қабілеттері пайда болады.

Балалардың дарындылығын анықтайтын психологиялық ерекшеліктер:

- есте сақтау қабілеті жоғары деңгейдегі балалар;
- қабылдаудың ауқымдылығымен ерекшеленетін балалар;
- таным деңгейі өте кең балалар;
- қиялы кең, ойы ұшқыр балалар;
- ерекше зейінді,зейін қою қабілеті өте жақсы дамыған балалар;
- тілдері ерте дамып, сөздік қоры бай балалар. [2]

Дарынды балаларды анықтауда мынадай тұжырымдар ұсынылады:

- баланың қызығушылығымен бейімділігін анықтай отырып, баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу;
- тренингтік әдістерді пайдалану арқылы баланың дамытушылық ықпалы, психологиялық кедергілерін жою;
- баланың дарындылық белгісін есепке ала отырып, болашақтағы даму мүмкіндігін бағалау.

Дарындылық бірнеше жылдар бойы әлеуметтік-педагогикалық тәжірибеден бөлек дербес қарастырылып келді. Қазіргі уақытта дарынды балаларды анықтау және дамытуға ерекше назар аударылуда. Зияткерлік пен шығармашылық және дарындылықтың негізгі түрлері ретінде қарастырылуда. Мектепке дейінгі дарынды балалар мәселелерін анықтау олардың достары мен балалар арасындағы және ата-аналармен байланыс жасау арқылы анықталады. Дарынды балалар саны негізінен өте аз келеді. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына көмек көрсету және қолдау қажет екені сөзсіз.

Қазіргі таңда балабақшада дарынды балалармен жұмыс жасау жүйесіндегі жаңа формалар мен вариативтік модельдер қарастырылуда. Баланың дарындылығын, шығармашылығын дамыту мақсатында вариативтік бөлімде және қосымша үйірме жұмыстары жүргізілуде. [3]

Соның бірі – шахмат ойыны. Шахмат ойыны – балаларға қуаныш сыйлайтын ойын ғана емес, ойлау қабілетін дамытатын тиімді құрал. Шахматты үйретудің негізгі мақсаты баланың логикалық ойлау, ой түю қабілеттерін дамытып, психологиялық жағынан мықты, ерік-жігері дамыған, стратегиялық жоспар құратын, есепке жүйрік ұрпақ тәрбиелеу.



Шахмат ойынының пайдасы:

- балалар өзі шешім қабылдай алатын болады;
- балалар кеңістікті бағдарлай білуге үйреніп, назар аударуға дағдыланады;
- баланың ойлау қабілеті дамиды;
- бала іс-әрекетін жоспарлай білуге қалыптасады;
- шахмат ойыны мінез-құлықты тәрбиелейді.

Шахмат ойнап, стратегиялық жоспар құру арқылы бала логикалық ойлауға үйренеді. Себебі әр болашақ жүрісті есте сақтап отыруы қажет. Неше жүрістен кейін, қай жерде, қалай, қай фигурамен мат қоятынын алдын-ала есептейді. Бұл жерде баланың математикалық ойлау қабілеті іске асады. Шахмат ойынында есте сақтау қабілеті дұрыс шабуылдау үшін және қорғану үшін қажет.

Ерік-жігер баланың күшін дамытады. Шахмат ойынында қарсыласыңның жүрісін қадағалап отыру арқылы сабырлыққа, шыдамдылыққа, эмоционалдық тұрақтылыққа үйретеді.



Ой тыныштығы. Шахмат ойнап отырған бала ойын барысында барлығын ұмытып, бөтен ойлардан арылады.

Шахмат ойыны – балалардың дарындылығын, ойлау қабілетін дамытатын бірден-бір құрал екені сөзсіз. Мен «Жас шахматшы» жобамды жұмыс барысында тиімді пайдаланып, дарынды балалардың қабілеттерін одан әрі дамытамын деген ойдамын.[4]

Жас дарындар – ел болашағы. Сондықтан әрбір балабақшада жас дарындарды аша отырып, мүмкіндігін толық көрсетуіне жағдай жасалуы тиіс, өйткені еліміздің ертеңі осы дарынды, қабілетті балалардың қолында.

***Пайдаланған әдебиеттер:***


*1. Ә.Табылдиев, «Халық педагогикасы және тәрбие». 1990 ж.*

*2. В.С.Мухина. «Мектепке дейінгі балалар психологиясы», Алматы, 2000 ж.*

*3. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хаты –9-бет, Астана, 2017ж.*

*4. Бала дамуына шахмат ойынының әсері. (https://massaget.kz› mektep)*




昵图网 www.nipic.com By:navyxia No.20131007035919261001



***Рахат Алтынбек Рахатұлы***
*Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы,*
*«Ақерке» бөбекжайының*
*музыка жетекшісі*

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДА ОЙНАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Аннотация.*** *Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастыру мүмкіндіктері ұсынылады.*

***Кілт сөздер:*** *Музыкалық аспап, музыка, дағды, білік, білім, ұлттық құндылық.*

Қазіргі таңда жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тәлім-тәрбиенің негізгі бөлігі болып табылатын эстетикалық тәрбиенің балалардың әсемдікті түсініп, ұға білуі және олардың дүние танымының қалаптасып дамуы жолында атқарар маңызы зор.

Музыка мектептері мен жалпы білім беретін мектептер, балабақаша ұйымындарында әуесқой оркестрлер мен ансамблдердің жұмысы балаларды және мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндерді әсемдік әлеміне жетелеп, оларға эстетикалық тәлім-тәрбие берудің бірден-бір тиімді тәсілі болып табылады. Сондықтан да бұл жағдай мектеп, балабақшаларда әуесқой оркестрлер мен ансамбльдер үйірмесін батыл түрде ұйымдастырып, оларды оқу процесінде және сыныптан тыс жүргізу барысында кеңінен пайдалану қажеттігін тудырады.

Баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыру даму бағытындағы іс-әрекетке көшу заман талабы. Шығармашылық, бұл тіршілік көзі. Адам баласы сөйлей бастаған кезінен бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктерінің өзі шығармашылықтың нәтижесі болып табылады.[1.]

Музыка аспапатарына үйретудің негізгі мақсаты: балаға музыканың құдретті күшін таныту, сүйтіп бала санасын еркіне әсіресе олардың сезімі мен ұшқыр қиялына пайдалы әсер ету. Әр жас топтарында жас ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі формада өткізіледі.

Балалар білуге тиіс: аспаптың аттарын, аспаптың дыбысталу сипатын, аспапты пайдалану және сақтау ережесін, ойнау тәсілдерін, әр түрлі музыкалық аспаптардың жоғары және төменгі дыбыстардың орналасуын, нота аттарын және пернедегі орындарын білуге үйрету.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық аспаптарда ойнау барысында ырғақты сезініп ойнауды дамытуға үйрету мәселесі туындаған тәжірибемен тығыз

байланысты. Менің бақылау көрсеткіштерім бойынша, қазіргі қоғамда өмір сүретін баланың классикалық музыкаға деген қызығушылығы жойылуда.

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау ол, мектепке дейінгі балаларды қызықтыратын бір түрі балалардың орындаушылық қызметі. Музыкалық аспаптарда ойнау барысында балалардың эстетикалық және қабылдау сезімдері жетілдіріледі. Бұл сезімдер ерік қасиеттерінің дамуы мен қалыптасуна ықпал етеді; шыдамдылық, табандылық, алға қойған мақсаттарына берік болу, ырғақ сезімі дамиды, есте сақтау және көңіл аудара білуді шоғырландырады.

Бала әр түрлі музыкалық аспаптардың дыбыстарын тыңдаған кезде, оның ой өрісі дамиды, аналитикалық қабілеттері де қалыптасады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаған жағдайда баланың қол саусақ моторикасы да дамиды, музыкалық ой-өрісі мен қозғалу ағзасын үйлестіреді, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытады және музыканы түсініп оны сүюге үйретеді.[2]

Баланың отбасындағы музыкалық орта негізінде тек қана көңіл көтеру әуендерімен шектеледі. Балалар психологиясы мен мектепке дейінгі балалардың тілдамыту әдістемесінде, есту және ырғақты қалыптастыру қабілеттерінің рөлі жақсы тараған. Есту қабілетінің төмендеуі, оған қоса нашар қабылдауы ерте жастан сөздің мәнерлі қалыптасуына кері ықпал тигізеді. Егер ырғақты сезіну анық болмаса, онда орамасыз немесе бірге айтылатын сөздерді қолдану қиынға соқтырады. Бұл болашақта баланың есту қабілетін әлсіздетеді, баланың дамуын баяулатады, интеллектуалды қызметін шектейді және өз қатарластарымен қарым қатынасқа түсуін қиындатады.

Әуезді музыкалық аспаптар үш негізгі музыкалық қабілетті қалыптастырады: үйлесімді сезіну, ырғақты сезіну және музыкалық есту қабілетін елестету. Әуезді естіген қалпында ойнау үшін, музыкалық есту қабілеттерін елестетіп қана қоймай, сонымен қатар жоғарғы дыбыстардың орналасуындағы ырғақты елестету керек. Баланың көңілін әр аспаптың тембрінің мәнерлігіне аудару маңызды, соған қарай бейнелі ерекшеліктерін салыстырып пайдалану. Балалар аспаптың мәнерлі мүмкіндіктерін сезініп, тембр әртүрлілігін қолдануға үйрету. [3.]

Балаларға музыкалық аспапта ойнауды үйретпестен бұрын, әр баланың жеке мүмкіндігін қарастыру керек. Балалардың бір түрі әндердің қайырмасын жеңіл орындаса, ал басқа балалармен егжей-тегжейлі дайындық керек екенін ұмытпағанымыз жөн. Мектепке дейінгі жастағы балалардың музыка ұйымдасытырылған іс-әрекетінде балалар музыкалық орындаушыларының әр түрі болу шарт. Балаларға арналған музыкалық аспаптардағы ойындарды тақырыптық ұйымдасытырылған іс-әрекетінде және мерекелерде де қосамын. Балалар ертеңгіліктерде музыкалық шығармаларды шын көңілмен орындады, өздерін оркестр мүшелері ретінде сезінді. Жеке жұмыс барысында, балаларды ұлттық аспаптармен таныстырдым. Балалар үшін домбыра аспабы жаңалық болмады, ал прима – домбыра үлкен қызығушылық арттырды. [4.]

Болашақта осы тақырыпты дамыта отырып, балабақшада балалар аспаптары мен ұлттық аспапты қосып оркестр ашсам деген жоспарым бар. Оркестрге балаларды ортаңғы және ересек тобының балаларымен бірге



昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20121007035919261001

ұйымдастырғым келеді. Әр балаға өзі жақсы ойнай алатын аспап бекітіледі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық аспапта ырғақтық сезіммен ойнауды дамыту баланың сапалық қасиеттері арттады. [5.] Ол бала жай ғана ақпарат жинаушы емес, керісінше, тікелей оқиға қатысушысы бола алады. Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше. Сондықтан тәрбиелеу-оқыту процесі барысында үнемі оқыту құралдарының жаңа мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған баланы үйрету білім алушыларымызды үйрету.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

*1. Әденбаев С.Ш. Тәрбие теориясы және әдістемесі., Алматы., Дарын, 2004.*

*2. Абдуллин Э.Б. Николаева Е.В. Теория музыкального образования., Москва., Академия., 2004.*

*3. Момынұлы П. Музыкалық эстетикалық тәрбие., Алматы., Қазақпарат., 2000.*

*4. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. Алматы., Білім, 2005.*

*5. Меңдаяқова Қ.М., Қарамолдаева Г.Ж. Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесі., Алмат., Әл-Фараби., 1997.*



***Бейсембекова Дамен Кунаевна***
*Павлодар облысы, Екібастұз қаласы,*
*«№25 сәбилер бақшасының»*
*меңгерушісі*

# АРНАЙЫ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

***Аннотация.*** *Бұл мақалада мектепке дейінгі жалпыға бірдей тәрбие мен білім беру ұйымының топтарында сөйлеу тілі дамымаған балаларды сүйемелдеу туралы айтылады.*

***Кілтті сөздер:*** *сөйлеу тілі дамымаған балалар, инновациялық технологиялар, түзету жұмыстары, кинезиология.*

Біздің қоғам дамуының қазіргі кезеңінде дыбыстарды анық айта алмайтын, сөйлеуді қимыл-ишарамен алмастыратын, 2-3 жаста «сөйлемейтін» балалардың саны жыл сайын артуда. Ерте жастағы балалардың сөйлеу дамуының кешігуі өзекті мәселе болып табылады, сондықтан соңғы кездері осы мәселені шешу жолында мемлекет тарапынан балабақшаларда арнайы тегін топтар ашылуда.

Осындай арнайы топтар біздің балабақшада жұмыс жасайды және осы қойылған міндеттерді шешу үшін логопед пен дефектолог мамандар әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастырады.

Түзету жұмысындағы ең нәтижелі әдістердің бірі – кинезиология деп аталатын шара, бұл өзара іс-қимылды дамыту болып табылады. Қолдың қимылын кезек-кезек ауыстыратын көп деңгейлі жаттығулар аралық мидың қозуы арқылы, зейіннің шоғырлануын, өзара әрекеттесуін ынталандырады. Кинезиологоия – белгілі бір қимыл-қозғалыс жаттығулары арқылы ақыл-ой қабілетін және дене денсаулығын дамыту туралы ғылым. Кинезиология бір мезгілде қолдың әртүрлі қимылдарын пайдаланатын жаттығуларға ерекше көңіл бөледі. Мұндай қозғалыстарды реттеу негізінен, жұлын мен ми деңгейінде болатын бірдей симметриялы қозғалыстар арқылы жүзеге асырлады.[7,32-б]

Кинезиологиялық жаттығуларды түзету-дамыту сабақтарының өзінде, динамикалық үзіліс ретінде қолдануға болады (демалу кезеңінде, сондай-ақ сабақ алдында балалар ағзасын сабақ уақытында жемісті жұмысқа баптайды). Өз жұмысымызда «Құлақ-алақан», «Құлақ – мұрын», «Жылан» сияқты жаттығуларды қолданамыз.

Мысалы: «Қоян-сақина» жаттығу бір позициядан басқасына өтуге негізделген: а)саусақтарды жұдырық қылып түйеміз, сұқ саусақ және ортаңғы саусақтарды алға жылжытуға



昵图网 www.nipic.com
By:nawyxia No.20131007035919261001

және оларды тік көтеру (қоянның құлағы ретінде көрсету);

б)бас бармақ және сұқ саусақтарды сақина ретінде жалғау, қалған саусақтарды бос жіберу.

Қоян көгалда сақина тауып алды.
Ал сақина жай болмады
Күн сияқты жылтырады.

Өз тәжірибемізде кинезиология тәсілдерін кеңінен қолдана отырып, логопед-балаларда көру-моторлы координация едәуір жақсарды, есте сақтау, назар аудару, сөйлеу, ұсақ және ірі моторика жақсарып, шаршағыштық төмендеді, шамадан тыс кернеу кетті. [6,47-б]









Жоғары тиімділігі, қауіпсіздігі және қарапайымдылығы жағынан ұтымды әдістің бірі, Су-Джок терапиясы бар. Су-Джок массажерлерін, металл сақиналары бар массаждық шариктерді дыбысты түзету және тілдің лексика-грамматикалық құрылымын дамыту бойынша жаттығулармен бір мезгілде қолдану физикалық және ақыл-ойдың жұмысқа қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді, бұлшық еттердің қозғалыс белсенділігінің жоғары деңгейіне жылдам өту үшін база жасайды және баламен оңтайлы мақсатты сөйлеу үшін мүмкіндік береді. Су-Джок түзетілген дыбыстарды автоматтандыру үшін де қолданылады. Мысалы, алақандар арасындағы массажерді айналдыра отырып, бала берілген дыбысты

автоматтандыруға өлең айтады. [6]

Кірпі жолсыз жерде жүреді, ешқайда қашпайды

Басынан аяғына дейін барлық денесі ине болып келеді. Солай ма?

Су-Джок терапиясы кезең-кезеңмен жүргізіледі.

І-кезең. Балаларды Су-Джокпен, оны халық ауыз әдебиеті, өлеңдер, жұмбақтар, ертегілер арқылы пайдалану ережелерімен таныстыру.

ІІ-кезең. Жаттығуларда, ойындарда білімді бекіту.

ІІІ-кезең. Қажеттіліктер мен өз қызығушылықтарына қарай Су-Джок шарын өз бетінше пайдалану. [5,11-б]










Логопедиялық ритмика сөйлеу патологиясы бар балаларды оқытуда, түзету әсерінің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Логоритмика балалардың әртүрлі қимылдарды меңгеруі үшін қолданылады, олар тек қана жалпы нығайтушы емес, сонымен қатар түзету-дамытушы болып табылады; сөйлеу тыныс алуын, артикуляциялық моториканы дамытуға, мимикаық мускулатураны нығайтуға, фонематикалық жүйені қалыптастыруға, тілдің темпо-ритмикалық және әуенді-интонациялық сипаттамаларын дамытуға, қозғалыс пен қатар сөйлеуді келістіруге ықпал етеді. Логопедтер өз жұмысында жеке жаттығулар мен ойындар қолданады немесе кешенді логоритмиялық сабақ өткізіледі. [3,6-б]

Осылайша, әрекеттегі инновация-



www.nipic.com

лық әсер ету әдістері балалармен түзету-дамыту жұмысының перспективалы құралы болып табылады.

Бұл әдістер тиімді түзету құралдарының қатарына жатады және мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қиындықтарын жеңуде барынша мүмкін болатын табыстарға жетуге көмектеседі. Кешенді логопедиялық көмек аясында инновациялық әдістер ерекше күш-жігерді талап етпей, балалардың тілін түзету процесін оңтайландырады және бүкіл ағзаның сауығуына ықпал етеді. [4,18-б]

***Қолданылған әдебиеттер:***


*1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.;*

*2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.;*

*3. Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Н.Төлебиева «Логопедия негіздері» Алматы 2009.;*

*4. Л.С.Волкова, В.И.Селиверстова «Хрестоматия логопеда» Владос 1997.;*

*5. Т.Қ.Шилденова «Логопедтік түзету жұмыстарындағы фонетикалық-фонематикалық бұзылыстарын түзетуге және қимыл-қозғалысын дамытуға арналған ойындар» (мектепке дейінгі мекемелерінің жас логопедтеріне және тәрбиешілеріне арналған әдістемелік көмекші құрал). Атырау, 2014.;*

*6. Афонькин С.Ю., Рузина М.С. Страна пальчиковых игр. - СПб., 1997.;*

*7. Васильева Л. Ф. Теоретические основы прикладной кинезиологии. - Москва, изд-во ВИС, 2003 г.: ил. Интернет-ресурсы.;*

*8. Сиротюк А.Л. Упражнения для психомоторного развития дошкольников: Практическое пособие. – М.: Аркти, 2008.*



***Мухаметкалиева Кенжегуль Акановна***
*Абай облысы, Семей қаласы,*
*№4 «Балдәурен» бөбекжайының*
*қазақ тілі мұғалімі*

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

***Аңдатпа.*** *Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын мнемотехника әдісі арқылы дамытуға бағытталған жеке іс-тәжірибе ұсынылған.*

***Кілт сөздер:*** *мнемотехника, көрнекілік-бейнелік есте сақтау, мнемошаршы, мнемокесте, шартты белгілер, тірек суреттер, коммуникативтік дағдылар, дидактикалық ойындар.*

Мектепке дейінгі жаста көрнекілік-бейнелілік есте сақтау және есту бір заттың суретін көру арқылы баланың есінде нақты қалады. Мысалы, ақын, қазақта тұңғыш педагогикалық оқулықтарды жазып қалдырған Мағжан Жұмабаев «...баланы бір затпен таныстырмақшы болсақ сол зат туралы сөйлеп қана қоймай, алып келіп балаға көрсет...» депті. Яғни, көрнекілікті, мнемотехника әдісін пайдалану – заман талабы ғана емес, жаңа сөзбен, жаңа ұғыммен таныстырып, оны қолданысқа түсірудегі, сөйлеуді дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдістер мен тәсілдер жүйесі. Жалпы мнемотехника немесе мнемоника грек тілінен аударғанда «еске сақтау өнері» деген мағына береді екен. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда мнемотехника тиімді әдіс саналып, қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарда оны қолдану өзекті болып тұр.

Мнемотехника оңай жолдан күрделіге қарай құрылады. Жұмысты оңай мнемошаршыдан бастап, қиын емес мнеможолдарға өтіп, содан мнемокестелерге өту қажет. Ең бастысы көрнекілік, тірек сызба, бейнеленген суреттер балаға түсінікті болып, сол шартты белгілерді балалардың санасына жеткізу қажет. Мнемокестелер - балалардың тілін дамытудағы тиімді дидактикалық құрал. Оларды қолданудағы негізгі мақсат: сөздік қорды молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, әңгіме құрастыруды, мазмұндауды, жұмбақ жасыру мен шешуді, өлең жаттауды жетілдіру. Құрылған сызба балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерін байқауға, олардың айтылу кезегін (алгоритмін) белгілеуге көмектеседі. Мнемокестені қолдану үш кезеңнен тұрады: Кестені қарап, онда не бейнеленгенін бақылау. Мәліметтерді шартты белгілерге (суретті-графикалық кестелер)



昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20131007035919261001

айналдыру, белгіні (символды) бір бейнемен сәйкестендіру. Шартты белгілерге айналдырғаннан кейін сөйлем, әңгіме немесе тақпақ, жұмбақ, жаңылтпашты құрастырып, ертегіні әңгімелеуге көшеді. [1]

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының коммуникативтік дағдыларды дамыту бағытының негізгі мақсат-міндеттері инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту; балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету, түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау, дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту, артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету деп көрсетілген. Осы бағдарламалық мақсат-міндеттерді шешу жұмысы қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, сондай-ақ, мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде мнемотехника әдісін қолданып өткізу арқылы жан-жақты жүзеге асырылады.

Мнемотехника әдісімен балалардың қазақ тілінде сөйлеу дағдысын тірек суреттердің көмегі арқылы дамытамын. Орыс тілінде білім алатын тәрбиеленушілердің қазақ тілін үйренуіне, сөздерді оңай есте сақтауына өз іс-тәжірибемде тірек суреттерден (мнемошаршы) өзге, көптеген шартты белгілер де (заттың түсін, пішінін, санын білдіретін суретті-графикалық сызбаларды, мысалы, ауыздың белгісі – «жеймін, ішемін», табан суреті – «барамын», дөңгелек түріндегі жасыл, сары, қызыл түстердің бірігуі – «піседі», жасыл түсті қанат (галочка) – «өседі», ал көк түсті төмен қараған қанат – «өспейді» етістіктерін білдіреді) ойластырып жасалған. [3]

Сурет 1.

| Мен | балабақшаға | барамын |
| --- | --- | --- |
|  |  |  |

Сурет 2.

| Мен | қызыл | алма | жеймін |
| --- | --- | --- | --- |
|  |  |  |  |

Осы әдісте мультимедиалық тақтадағы суреттердің көмегімен сөз тіркестерін, сөйлемдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды, тақпақтарды құрастыртып үйретуге болады. Орыс топтарында тілді меңгерту топта, қазақ тілі кабинетінде негізінен көрнекілік, түсіндіру, практикалық (ойын түріндегі) әдістер бойынша өткізілсе, оның ішінде практикалық әдіс, яғни ойнау арқылы тіл үйрету кеңінен қолданылады. Өйткені бала ойын арқылы дамиды. Мнемотехника әдісінің элементтері кіріктірілген интерактивті, дидактикалық, электрондық-дидактикалық ойындар балалардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады, байланыстырып сөйлеуді қалыптастырады, іс-әрекет пен қимылды дұрыс, жылдам орындауға, ойлау қабілетін, танымдық қызығушылығын арттыруға әсер етеді. Тілдік мнемотехника - сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемді, әңгімелеуді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруды есте сақтау үшін пайдалы, әрі қолжетімді әдіс.

Сіздердің назарларыңызға мектепке дейінгі жастағы балалармен тірек суреттер арқылы Ескен Елубаевтың «Тағамдар» өлеңін жаттау таныстырылымын ұсынамын (слайдпен жұмыс). [4]




1. Интерактивті ойынның әдістемелік куәлігі алдын ала құрылады.




2. Интерактивті ойынның әдістемелік куәлігінде атап өткендей, өлеңді алдымен мәнерлеп қазақ тілінде оқимын. Балалардан өлеңді мұқият тыңдап,



昵图网 www.nipic.com By:naivyxia No.20121007035919261001

таныс сөздерін есте сақтап отыруды сұраймын. Содан кейін орыс тіліндегі аудармасымен таныстырамын, өйткені бала өз ана тілінде өлең мазмұнынын түсінсе, оны қабылдауы жылдам болып, тез әрі оңай тақпақты жаттауға тырысады.




3. Енді тірек суретті шартты белгілер арқылы өлеңді оңай есте сақтап, жаттауға көшеміз.







4. Өлең он тармақтан тұратындықтан, әр тармақты бірнеше рет қайталап, балалардың сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемді дұрыс әрі анық айтуын қадағалаймын. Әсіресе сөйлеудің дыбыстық мәдениетіне, яғни сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуына назар аударамын. Тілдің грамматикалық құрылымын сақтап, байланыстырып сөйлеуін дамытамын. Осылайша сөйлейтін суреттер арқылы (говорящие картинки) тақпақты жылдам есте сақтатып қана қоймай, мәнерлеп айтқызуға, өлең мазмұнындағы сөздерге эмоционалды-экспрессивті реңк беріп, оңай, еш қиындықсыз жаттатуға тырысамын. Өйткені мектепке дейінгі жастағы балалардың көрнекі-бейнелік есте сақтауы жақсы дамыған, осы мүмкіндікті оқыту үрдісінде осылайша тиімді пайдаланамын.[2]

Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған мнемотехника әдісін қолдану балаларды қызықтырады, ең бастысы ұйымдастырылған іс-әрекетті ойынға айналдырады.





**_Қолданған әдебиеттер:_**


*1. Полянская Т.Б. «Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста», 2009;*

*2. Чохонелидзе Н. «Учим стихи по картинкам», 2006;*

*3. Белоусова С. «Развитие лексики и грамматического строя речи у дошкольников», 2005;*

*4. Е.Елубаев, Баламысың деген. Өлеңдер. Алматы, «Жалын», 1981;*

*5. Интернет ресурстар.*




昵图网 www.nipic.com By:navyxia No.20131007085919261001



***Джагапарова Альбина Кайратовна***
*Павлодар облысы, Железин ауданы,*
*Алакөл ауылы,*
*«Алакөл ЖОББМ» КММ*
*шағын орталығының тәрбиешісі*

# БАҚЫЛАУ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРНЕКІЛІК ӘДІСТЕР

***Аңдапта.*** *Мақала барысында бақылау әдісінің мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленуші балалардың дамуына қосатын үлесі, баланы қоршаған ортаны танудағы алғашқы түсініктерінің қалыптасуына негіз болатын көрнекілік әдістер ұсынылады.*

***Түйін сөздер:*** *бақылау әдісі, көрнекі әдіс, мектеп жасына дейінгі балалар.*

Бақылау әдісі – мектеп жасына дейінгі баланың өзін қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды бақылай отыра тәрбиелік нәтижелілігі мен білімді игеру, дағдыларды дамыту, қабілеттерін шыңдау, адамгершілік қасиеттер мен мінез-құлық әдеттерін қалыптастыруға бағытталған бірлескен іс-әрекет әдісі десек те болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатымен танысудағы алғашқы әдіс осы бақылау әдісі. Мектепке дейінгі ұйымда үздіксіз жүргізілетін бұл әдіс – баланың табиғатты, қоршаған ортаны тану процесі болып есептелінеді. Осы процесс барысында тәрбиеші баламен қимылдық ойындар, серуендеу картотекалар арқылы бақылау түрлерін ұйымдастыра алады. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы негізгі көрнекі әдісі-бақылау.

Бақылау – бұл мақсатты қабылдау, сенсорлық және рационалды бірлік көрінетін күрделі танымдық процесс ретінде белгілі. Бақылау тәрбиешінің басшылығымен жүргізіледі. Бұл балалардың ақыл-ойының дамуына және олардың тірі және жансыз табиғат туралы дұрыс түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл жағдайда балалардың әртүрлі талдауларын қолдану қажет [1].

Бақылау әдісі – бұл әлемнің құбылыстарына үңілу, олардағы маңыз-ды, негізгі нәрсені бөліп көрсету, болып жатқан өзгерістерді байқау, олардың себептерін анықтау және қорытынды жасау мүмкіндігі десек те болады. Бала көзімен көрген, тәрбиеші көмегімен бақылау жүргізген заты, құбылыс туралы өзіндік түсінігі қалыптасады. Баланы бақылай білуге ерте жастан үйрету керек, оның байқағыштығын, бақылауға назар аудара білуін, ең бастысы көргендері туралы ойлау, ойды сөзбен жеткізу қабілеттерін дамыту болып табылады.

Зерттелген объектілерді балалардың тікелей бақылауы толыққанды идеяларды қалыптастыру және танымдық процестерді қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялды дамыту үшін қажет. Бақылау барысында

баланың әртүрлі психикалық белсенділігі жүзеге асырылады: қойылған сұрақтарға жауап іздеу, салыстыру әдістері қолданылады. Терең ойшыл К.Д.Ушинский былай дейді: «Ақылды балалардың ілімін дамыту үшін бақылау қабілетіне жаттығулар жасауды талап ете білу керек» [2].

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда бақылау екі бағытта дамиды. Біріншіден, бақыланатын объектілердің шеңберін біртіндеп кеңейту. Яғни топтық бөлмедегі бақылаулар, содан кейін мектепке дейінгі мекеменің басқа бөлмелерінде (ас үй, медициналық кабинет, бейнелеу студиясы және т.б.), саябақта, мектеп стадионында, өзеннің жанында, қалалық көлік аялдамасында және т.б.

Бақылау әдісін балалардың серуен іс-әрекеті барысында жүргізу баланың көзбен көрген дүниесін жылдамырақ сақтауына септігін тигізеді. Бақылаудың бала санасында шоғырлануы да байқала бастайды. Бала бір объектілермен танысқан кезде бірінші кездескен кезде объектіні танудан маңызды белгілерді анықтауға, екінші бақылауларда – басқа объектілермен салыстырғанда және сайып келгенде жалпылауға әкеледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда әртүрлі бақылаулар қолданылады: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бақылаулар, сонымен қатар қайталанатын және салыстырмалы бақылау әдістерін қолдануға болады. Ұзақ мерзімді бақылаулар балаларды даму процесімен, белгілі бір объектінің жағдайының өзгеруімен таныстыруға мүмкіндік береді, бұл ақыл-ой әрекетін дамыту үшін қажетті материал болып көрінеді (салыстыру, ажырату, маңызды белгілерді анықтау, себеп-салдарлық байланыстарды орнату). Ұзақ мерзімді бақылаулар үшін түрлендіру, өзгерту, дамыту (үй салу) сатысындағы әртүрлі объектілер таңдалады; мектепке дейінгі мекеме учаскесіне ұшатын құстар; табиғат бұрышында немесе бақта, гүл бақшасында өсірілетін өсімдік).

Салыстырмалы бақылаулар балалардың ақыл-ой белсенділігінің дамуы үшін ерекше маңызды. Орта топ, мектеп жасына дейінгі балаларға салыстыру үшін тікелей бақыланатын екі объект ұсынылады: Торғай мен қарғалар, қайың және шырша. Ересек жастағы мектеп жасына дейінгі балалар бақыланатын нысанды қазіргі уақытта тікелей қабылданбайтын басқа затпен салыстыра алады (ұсыну бойынша салыстыру): автобус пен трамвай, өзен мен тоған, газет пен хат, алаң мен орман сынды сөздердің мағыналарын түсіну.

Жалпы табиғаттағы және қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар мен заттарды бақылау балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады.

2-3 жастағы балаларда өзінің айналасындағы заттармен танысу жүреді. Өз балабақшасымен, өз тобындағы балалармен, өз ойыншығымен т.б Ал 3-4 жастағы ортаңғы топ балаларында экологиялық бақылау кеңінен жүреді. Яғни табиғат құбылыстарын бақылай отыра қоршаған ортамен танысу. Бұл жастағы балалар сенімді және тыныш, ересектермен бірге практикалық іс-әрекетке оңай қосылады, оның мейірімді, жайбарақат үнемі эмоционалды түрде жауап береді, оның сөздері мен әрекеттерін қайталауға дайын. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде алдында тұрған міндет – табиғи әлемде, өсімдіктер мен тірі заттар әлемінде алғашқы белгілерді қою, табиғаттағы алғашқы байланыстарды



昵图网 www.nipic.com By:navyxia No.20131007035919261001

түсінуді, олардың өмірі үшін бір-екі жағдайдың қажеттілігін түсінуді қамтамасыз ету болып табылады.

Кішкентай мектеп жасына дейінгі бала айналасында болып жатқан барлық нәрсеге қызығушылық танытады. Күн сайын балалар жаңа заттарды үйренеді, олардың аттарын ғана емес, сонымен бірге ұқсастықтарын да тануға, білуге тырысады, байқалатын құбылыстардың қарапайым себеп-тері туралы ойлайды. Балалардың қызығушылығын сақтай отырып, оларды табиғатпен танысудан оны түсінуге бағыттау керек.

Ол үшін балалардың өсімдіктер, жануарлар, тұрғын емес табиғат объектілері туралы жақын арада кездесетін идеяларын қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл мәселені жүзеге асыру сенсорлық қабілеттердің дамуымен, сондай-ақ визуалды-тиімді және визуалды – бейнелі ойлаудың қарапайым формаларын игерумен тығыз байланысты. Бұл балалардыңтабиғиәлеменалғашқы есте қаларлық өзара әрекеттесуін орнатуға, барлық тіршілік иелеріне жақсы сезімдердің пайда болуына, қызығушылық пен қызығушылықтың көрінісіне, табиғат сұлулығымен байланысты тәжірибенің көрінісіне ықпал етеді [3].

Мектеп жасына дейінгі баланың назарынаударуоңайемес.Сондықтан бақылаулар қысқа (7-10 минуттан аспауы керек), жарқын, қызықты, мазмұнды, жаңалыққа ие болуы керек. Бұған, біріншіден, бақылау объектілерінің өзі және оларды көрген кезде балалардың жағымды эмоцияларының күшеюі ықпал етеді; екіншіден, ересек адамның бейнелі сөйлеуі, балалардың үлкен қызығушылықпен қабылдайтын стихиялық мәтіндерді, жұмбақтар мен сөздерді қолдана білуі, сөздік қорын байытады, эстетикалық сезімдерін дамытады.

Қарауға деген қызығушылықты жалғастыру үшін ересек адам балаларды сұрақтар қою арқылы белсенді сөйлеу мен іс-әрекетке, не болып жатқанына деген баланың қызығушылығын ояту керек. Ең бастысы, балаларды табиғи ортаның жарқын бейнелеріне бей-жай қалдырмау.

Қоршаған ортаны бақылау алғаш-қы бақылаулар аз балалармен жүргізіледі. Тәрбиешінің негізгі міндеті – оларға келу кезінде қажетті қарапайым дағдыларды қалыптастыру.

Алғашқы танысу кезінде балалар-дың назарын аудару үшін қызық болып саналатын түрлі заттарға, ойыншықтарға, жан-жануарларға аударту өте маңызды. Бала зейінін бақылайтын нысанға бағыттаған сәтте. Баланың бақылау қабілеті дамиды. Бақылау тек қана оқу-тәрбиелік әдіс қана емес, баланың дамуына көмекші құрал болып есептелінеді. Бақылау әдісі көбінесе серуен барысында жүзеге асады.

Серуендеу кезінде органикалық әлемнің алуан түрлілігімен танысу жүргізіледі, жылдың әр мезгілінде табиғат объектілері мен құбылыстарына бақылау жүргізіледі; балалар жерді шарлауды үйренеді. Серуендеу – бұл тәрбиешілер балаларды біртіндеп табиғаттың құпиясымен, тірі және жансыз заттармен таныстыра алатын, әртүрлі өсімдіктер мен жануарлардың өмірі туралы айта алатын және табиғи жағдайда тәжірибе жасай алатын тамаша уақыт. Сонымен қатар бақылаудың тағы бір түрі – эксперимент әдісі.

Эксперимент әдісі – бұл балаларға зерттелетін объектінің әртүрлі жақтары туралы, оның басқа объектілермен және тіршілік ету ортасымен қарым-қатынасы туралы

нақты түсінік береді [4].

Балалар эксперименті басқа іс-шаралармен тығыз байланысты – бақылау, сөйлеуді дамыту (өз ойын нақты жеткізе білу тәжірибені жүргізуді жеңілдетеді, ал білімді толықтыру сөйлеудің дамуына ықпал етеді).

Эксперимент барысында балалардың сөздігі табиғаттың қасиетінің, құбылысының немесе объектісінің сенсорлық белгілерін білдіретін сөздермен толықтырылады (түсі, пішіні, өлшемі: мыжылған-сынған, жоғары – төмен, алыс-жақын, жұмсақ-қатты, жылы-суық және т.б.).

Мұның салдары баланы жаңа фактілермен таныстыру ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой дағдылары ретінде қарастырылатын ақыл-ой әдістері мен операцияларының қорын жинақтау болып табылады.

Арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет ретінде мектеп жасына дейінгі баланың әлемінің тұтас бейнесін және оның айналасындағы әлемді мәдени тану негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді. Топ жағдайында тек қарапайым тәжірибелер мен зерттеулерді қолдану маңызды.

Олардың элементарлығы:

біріншіден, шешілетін міндеттердің сипатында: олар тек балаларға белгісіз;

екіншіден, осы тәжірибелер барысында ғылыми жаңалықтар болмайды, бірақ қарапайым ұғымдар мен тұжырымдар қалыптасады;

үшіншіден, олар іс жүзінде қауіпсіз;

төртіншіден, мұндай жұмыста әдеттегі тұрмыстық, ойын және стандартты емес жабдықтар қолданылады. [5]

Балабақшада тәжірибе жасау бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер баланың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейтеді, мектеп жасындағы балалардың дамуында бақылау әдісінің маңызы зор екендігін, баланың орта туралы алғашқы түсініктері өзін қоршаған ортаны бақылаудан басталатынын түсінеміз.

## *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

*1. Методика ознакомления детей с природой в детском саду: учеб. пособие для пед. уч-щ по спец. «Дошк. Воспитание», Л.А.Каменева, Н.Н.Кондратьева, Л.М.Манаевцова, Е.Ф.Терентьева; под ред. П.Г.Саморуковой. – М.: Просвещение, 1991.;*

*2. Тихеева, Е. М. Развитие речи детей (раннего и дошкольного возраста): Пособие для воспитателей дет.сада / под. ред. Ф.А.Сохина. – 5-е изд. – М.: Просвещение, 1981.;*

*3. Введение в психологию. Под общей редакцией проф. А. В. Петровского. –М.: Академия, 1996.;*

*4. Галина, Л. Природа и дети // Ребенок в детском саду. – №3. – 2001.;*

*5. ҚалықбаеваЗ. Табиғат – тал бесігің\\ Отбасы және балалақша. – 1995.*



昵图网 www.nipic.com By:nawyxia No.20131007035919261001



***Самосенко Татьяна Анатольевна***
*Костанайская область, г. Рудный,*
*КГКП «Детский сад №13»,*
*воспитатель*

# «МОБИЛЬНАЯ БИБЛИОТЕКА» – ОДНА ИЗ ИННОВАЦИОННЫХ ФОРМ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ

***Аннотация.*** *Актуальность темы обусловлена тем, что в настоящее время педагогические коллективы ДО интенсивно внедряют в работу инновационные технологии. Поэтому основная задача педагогов дошкольного организация – выбрать методы и формы организации работы с детьми и родителями, инновационные педагогические технологии, которые оптимально соответствуют поставленной цели развития личности.*

***Ключевые слова:*** *инновационные технологии, мобильная библиотека, работа с родителями, актуальность, qr-код, проект.*

*Я бы солнцем взошел над землей,Озарив родные края!*
*Как смогу я бороться с тьмой, Коль светить не сумею я!?*
*Султанмахмуд Торайгыров*

В условиях динамично меняющегося мира, постоянного совершенствования и усложнения технологий информатизация сферы образования приобретает фундаментальное значение. Данное направление развития образовательной отрасли подчеркивается в государственных документах, признается важнейшим национальным приоритетом.

В современном мире развитие коммуникационных и информационных технологий идет очень быстрыми темпами. Обучение и образование современных детей и родителей тесно переплетается с компьютерами, интернетом, гаджетами.

Таким образом, инновационные технологии призваны в настоящий момент стать не дополнением в обучении и воспитании, а неотъемлемой частью целостного образовательного процесса, значительно повышающей его качество.

Вашему вниманию хочется представить модельный проект «Мобильная библиотека», который был внедрен в практику работы еще в 2019 году частично, но со временем развивался и набирал обороты.

Данный проект возник не случайно, а в процессе наблюдений и анализов работы, так как веление времени подразумевало усовершенствование и преобразование процесса чтения в более доступное и интересное занятие, так как дети все больше и больше поглощены гаджетами, и как бы мы с этим не боролись, инновации берут верх. Поэтому нужно было придумать что-то новое,

соответствующее современности окружающей действительности. Вот тут и возникла идея «переплести» чтение книг и гаджеты воедино и создать мобильную библиотеку.

Цель «Мобильной библиотеки» - организация досуга и чтения, способствующих воспитанию детей.

Преимущества мобильной библиотеки.

Легкодоступность.



Ребенок самостоятельно выбирает понравившуюся «книгу», наводит экран гаджета на qr-код и появляется аудиосказка, сопровождаемая иллюстрациями из книги. Это очень удобно, т.к. ребенок в свободной деятельности может самостоятельно определиться с выбором произведения. Также не требуется помощь со стороны взрослого для процесса чтения, так как включается аудиосопровождение.

Экономия пространства и средств.

Для хранения фонда мобильной библиотеки не требуются отдельные полки или шкаф (как этого, например, требуют книги), а достаточно файловой папки (картотеки), в которую образцы с qr-кодами можно разместить в последовательности, определяемой самим педагогом (по алфавиту, по темам и т.д.). Также для размещения не требуются стеллажи, дополнительные столы, а достаточно части стены, куда размещаются образцы с qr-кодами.








Разнообразие форм работы с детьми.

Благодаря такой мобильной библиотеке, с легкостью можно организовать групповую, парную, индивидуальную формы работы во время ОД и в свободное время, где педагог - фасилитатор. Также не исключена и коллективная форма работы, где детей после просмотра можно пригласить к коллективному обсуждению книги.



昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20131007085919261001

Разнообразие тем.

Тематика «книг» в мобильной библиотеке может меняться еженедельно, достаточно педагогу собрать необходимое количество образцов с qr-кодами:

- казахские народные сказки;
- сказки народов мира;
- научная литература;
- произведения К.И.Чуковского;
- произведения В.Осеевой и т.д.

«Книги» можно собрать по темам проектов. Например:

- Проект «Дружба – это чудо!» (произведения о дружбе)
- Проект «Казахстан – великая страна!» (казахские народные сказки или произведения казахстанских писателей)
- Проект «Сказка – ложь, да в ней намек!» (казахские сказки и сказки народов мира») и т.д.







Работа с родителями.

Процесс работы будет интересным и увлекательным, если в него будут вовлечены родители не только на уровне рекомендаций, а непосредственными участниками. Можно предложить родителям:

- из предложенных вариантов просмотреть и обсудить произведение;
- самим составить мобильную «книгу»;
- на основе прослушанного произведения составить книжку-малышку для группы;
- конкурс среди родителей и детей на лучшую авторскую «мобильную» книгу и т.д.

Также, немаловажным моментом является то, что каждая мобильная книга рассчитана на 5-8 мин, что является допустимой нормой работы с гаджетом для ребенка по медицинским нормам.

По моему мнению, данный проект призван развивать мобильность и самостоятельность детей: дети учатся работать с гаджетами, быстро ориентируясь в освоении инновационных технологий. Также развивается креативность, критическое мышление, коммуникативность, чего требует современное образование.

***Используемая литература:***

*1. ИМП «Об организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организациях и предшкольных классах Республики Казахстан на 2022-2023 учебный год» http://irrd.kz/page/read/Instruktivnometodicheskoe_*

*pismo.html*

*2. Модель развития дошкольного воспитания и обучения https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137*

*3. «Санитарно-эпидемиологических требований к дошкольныморганизациям и домам ребенка» https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023469*

*4. Государственные общеобязательные стандарты образования всех уровней образования https: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031*

*5. Типовые учебные планы дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275*

*6. Республиканский научно-информационный методический журнал «Дана бала» № 3 (23), 2020 год. (стр.91-93) http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/dana_bala/3_2020_dana_bala.pdf*

*7. Интернет-ресурсы*





***Тулеуова Гульдана***
*Ақтөбе қаласы,*
*№44 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі*

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

***Аңдатпа.*** *Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында білім берудің жаңа технологияларын енгізу арқылы болашақ ұрпақты тірбиелеуде, бүгінгі жаңашыл педагогтің міндеті ұсынылады.*

***Түйін сөздер:*** *Инновация, жаңашылдық, әдіс-тәсіл.*

Инновациялық қызметтің мақсаты әрбір педагог пен бүкіл педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуеті толығымен іске асырылатын білім беру ортасын құру болып табылады. Жалпы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің барлық қызметкерлерінің шығармашылық, инновациялық әлеуетін көрсетуге ықпал етеді. Бұл жағдайда педагогтердің жеке және кәсіби дамуына негізделген кәсіби құзіреттілік ерекше маңызды. Білім беруде жаңарту процесін адамдар ұйымдастырады. Сондықтан оны жобалау, іске қосу және қолдану инновациялық қызметті ұйымдас-тырушылар ғылымның жетістіктері мен қоғамның қажеттіліктеріне сүйенсе тиімдірек болады.

Қазіргі уақытта қоғам сұраныстарына сәйкес инновация-лық қыз-мет саласына жекелеген мектепке дейінгі мекемелер мен жаңашыл педагогтар саны өсуде және іс жүзінде әрбір мектепке дейінгі ұйым, инновациялық өзгерістер жүйелі сипатқа ие болып отыр. Мектепке дейінгі ұйымдардың жаңа түрлері, түрлері мен бағыттары, баланың жеке басына және оның отбасының сұраныстарына бағытталған тәрбие- білім беру процесінің өзгешелігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа білім беру бағдарламалары құрылды. Мектепке дейінгі білім беруді дамыту, оның педагогтердің кәсібилігін жетілдіру, инновациялық ойлау стили мен іс-әрекетін дамыту біліктілікті арттыру жүйесінің сапасын өзгертпеу мүмкін емес.

Педагогикалық қызметтің ерекше түрі – инновациялық қызмет.

Инновация дегеніміз не?

Инновация – елеулі өзгерістер енгізетін түрлі жаңалықтар жиынтығы. Алғаш рет жасалған, жақында пайда болған, бұрынғы орнына, қайта ашылған, немесе қазіргі уақытқа қатысты, таныс емес ,,, Инновация -адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа практикалық құралды, әдісті, тұжырымдаманы және т.б. құру, тарату, енгізу және пайдаланудың кешенді процесі. Инновация- бұл жүйенің бір күйден екінші күйге өтуіне себеп болатын жаңа тұрақты элементтерді енгізу ортасына

енгізетін мақсатты өзгеріс.

Инновация – бұл құрал (жаңа әдіс, технология, оқу бағдарламасы және т.б.), ал инновация – бұл құралды игеру процесі. Тұтастай алғанда, инновациялық процесс деп инновацияларды құру,(туу, дамыту), игеру, пайдалану және тазарту жөніндегі кешенді қызмет түрі. Процесс – кез-келген нәтижеге жету үшін дәйекті әрекеттер жиынтығы. Инновациялық іс- әрекеттің бағыты: балалардың салуатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулығын нығайту, физикалық және психикалық дамуына жағдай жасау, өмірін қорғау. [1]

Инновациялық процеске қатысушылар әрқашан жаңа нәрсені есте ұстауы керек. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңаша бағытта уақыт талаптарына сай құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, мектепке дейінгі білім беруді инновациялық тұрғыдан қарау, озық іс-тәжірибелер мен идеяларды насихаттау қажеттілігі туындап отыр. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық білім беруді енгізуде бірқатар маңызды мәселелерді ескеру шарт. [2]

Олар: инновациялық бағытты дұрыс таңдай білу;

- инновациялық іс-әрекеттің тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасау;

- инновациялық жобаны жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтап, жағдай жасау;

- инновациялық іс-әрекетті дұрыс жүргізу үшін қажетті құжаттарды кәсіби сауаттылық тұрғысынан дайындап алу.

Инновация түрлері де келесі негіздер бойынша топтастырылған. Инновациялық іс-әрекеттің бағытын таңдау. Инновациялық іс-әрекеттің мазмұны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басым бағыттағы бағдарламаларының (республикалық, аймақтық, өлкелік және мектепке дейінгі педагогика мен психология, әлеуметтану, медицина саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде анықталады. Бұл бағыттар зерттеу жұмыстарын жобалау және оқып үйренетін пәндердің біртұтастығы мен бірлігіне байланысты жіктеледі.

1. Оқу-тәрбие процесіне әсері бойынша; Білім мазмұнында; Тәрбиелеу – білім беру процесінің нысандарында, әдістерінде; Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде.

2. Түрлендірудің ауқымы (көлемі) бойынша; Жеке, бір-бірімен байланысты емес; Модульдік (өзара байланысты жеке кешен); Жүйелілік (бүкіл мектепке дейінгі мекемеге қатысты).

Инновация нақты, ескірген құралдың орнына енгізіледі (жаңашылдықты алмастыру);

Жұмыс нысанын пайдалануды тоқтату, бағдарламаны, технологияны жою (жаңашылдықты жою);

Қызметтің жаңа түрін, жаңа бағдарламаны, технологияны игеру (жаңашылдықты ашу);

- Инновациялық қызметті ұйымдастыру.

Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу қажеттілігі туындаған кезде пайда болады, тілек пен нақты нәтиже арасында қайшылық туындайды. Инновациялармен айналысатын мектепке дейінгі ұйымдар әдетте даму режимінде жұмыс істейді деп айтылады.

Философиялық энциклопедиялық сөздік дамуда бағытталған, табиғи және қажетті өзгерістер ретінде анықтайды. Демек, дамып келе жатқан мектепке дейінгі мекемедегі өзгерістер заңдылықтар негізінде нақты мақсаттарға жетуге бағытталады. [3]



昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20131007035919261001

Мысалы, ұжым баланың жеке ерекшеліктеріне бағытталған жаңа технологияны қолдана отырып, балалармен жұмысты ұйымдастыруды өзгертеді. Ол үшін басшы осы мәселе бойынша жоспар құрады; оны оқытушылармен бірге оқуды ұйымдастырады немесе өз педагогтарын оқытуға біліктілігін арттыру институтына өтінім жасайды және т.б. Алайда, мектепке дейінгі ұйым педагогтері оларды қабылдауға қаншалықты дайын екендігі ескерілмей, жаңа технологияларды енгізуге кіріседі.

Әрбір педагогикалық ұжымның инновациялық қызметі. Бұл инновацияны дайындау және ұйымдастыру бойынша белгілі бір міндеттемелерді қабылдауы керек, өйткені балалар кез-келген педагогикалық бастаманың объектісіне айналатынын есте сақтау керек.

***Қолданылған әдебиеттер:***


*1. Ж.Аймауытов. Инновация-заман талабы. XX ғасыр.;*

*2. Жұмабекова Ф.Мектепке дейінгі педагогика: Астана. Фолиант. 200ж.;*

*3. Тілдерді оқыту: ақпараттық-әдістемелік журнал. 2021ж.*



***Жахина Самал Каримовна***
*Астана қаласы,*
*№57 «Салтанат» балабақшасының*
*тәрбиешісі*

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ОЮ-ӨРНЕКТЕР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМЫН ДАМЫТУ

***Аңдатпа.*** *Мақалада ою-өрнектің қалыптасуы мен дамуы халықтың сан ғасырлық тарихымен, тыныс-тіршілігімен салтымен және мәдениетімен тығыз байланысты.*

***Түйін сөздер:*** *Қазақ халқының қолөнері, Қазақтың ою-өрнектері, Балабақшадағы тұрмыстық талғам, Балабақшадағы көркемдік тәрбие, Қағазбен жұмыс жасау, Бейнелеу өнері, Қазақ халқының дәстүрлі өнері.*

Қазақтың ұлттық өрнектермен әшекейленген қолөнердің түрлері де, атаулары да көп. Солардың ішінде халық арасында көбірек тараған ою-өрнек. Ою-өрнектің қалыптасуы мен дамуы халықтың сан ғасырлық тарихымен, тыныс-тіршілігімен салтымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Өнер арқылы адам өмірді көреді, басқа жағдайларды ұғып, қарап білуді үйренеді. Жеке тұлғаның дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезенде қалыптасатындықтан дүниетанымдық негізі де осы жаста қаланады.[1]

Өнер жайында қазақтың аса көрнекті жазушы, ғалым М.Әуезов «Ешбір өнерді құрғақ тілек бұйрық туғызбайды. Көркем өнердің міндеті табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу. Көркем өнер біздің ішкі дүниеміз бен жан-жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді» деген. Сол өнердің бірі бейнелеу өнері. Бейнелеу өнері ерте заманда пайда болып, барлық дәуірде өмір сүрген. Заман толқыны тарих теңізінің жағалауында көркем өнердің бағы жетпес меруерт маржандарын қалдырады. Сол құнды асылдардың бірі ою-өрнек. Өнердегі әр ұлттың өзіне тән ерекшелігін сезіне білуге, шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар арқылы халық өмірінің сипатын, ақыл мен ойластырылған еңбектің нәтижесін көре білуге, қоршаған дүниеге үңіле қарауға, ой-қиялының ұшталуына әсер етіп, оның жан-жақты үйлесімді ізгі қасиеттерді бала бойына өнер арқылы сіңіре тәрбиелеу оны дамытудың басты құралы болмақ. Өнер арқылы баланың бойындағы көркемдік сезім-ізгілік негізі, адамгершілік қасиеттер қалыптасады. Халқымыздың баға жетпес мұралары ою-өрнек оқу-тәрбиелеу үрдісіне қолданылып келеді. Бірақ әліде болса зерттеп, игілікті іске асырар мұраларымыз балабақша бағдарламасын толық қамтыған жоқ. Халық шеберлері өз



昵图网 www.nipic.com By:navyxia No.20131007085919261001

өнерлерін халық игілігіне жұмсай отырып, ою-өрнек қолданбалы өнерінде небір ғажайып дүниелер тудырудың небір ғаламат сырларын ұрпағына мирас етіп қалдырды.

Қазақ халқының қолөнері: ою-өрнек жайында көптеген ғалымдардың еңбектері жарық көрді. «Қазақ оюы», «Қазак халқының қолөнері», «Қазақтың ою-өрнектерінің жасалу жолдары», «Қазақтың ою-өрнектері», «Балабақшадағы тұрмыстық талғам», «Балабақшадағы көркемдік тәрбие», «Қағазбен жұмыс жасау», «Бейнелеу өнері», «Қазақ халқының дәстүрлі өнері», С.Арғынбаев, С. Төленбаев, М. Өмірбекова, Ф.Н.Жұмабекова, М.И.Нүсіпбекова, т.б ғалымдардың еңбектері мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнерінде оқыту мен тәрбиелеуге өзіндік үлесін қосып келеді. Өзіңді өз халқыңның оның мәдениетінің, біте қайнасқан бір бөлігі ретінде сезінбейінше, рухани дамудың белгілі еместігі ақиқат. Солай десек, жылдар бойы қолөнер саласында оның тұрмыстық түрлеріне, мектеп жасына дейінгі балаларды баулу жұмысын жүйелі түрде жүргізудің маңыздылығына ден қою керек. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына негізделген қолөнердің бір түрі ою-өрнектер мектепке дейінгі бала тәрбиесінде ерекше орын алады. [2]

Өнердің басқа да түрлері секілді, ою-өрнекте ой-өрісі мен балалардың жан-жақты дамуына әсері мол. Балалар ою- техникасын ғана меңгермей, осы өнерге қатысты қолөнер саласында ұмыт болған сөздермен танысады.

Ою-өрнекті тек сурет, қол өнер, оқу іс-әрекетімен байланыстырып оқытылуы тиіс. Елімізде археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне қолөнер туындыларының барлығында дерлік ою-өрнек бейнеленген. Әр кезеңнің даму процесіне орай, шеберлердің қолөнер бұйымдарын бейнелеуде стильдік ерекшеліктері өзгеріп отырған. Бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз жас жеткіншіектерге халқымыздың өнерін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан әртүрлі заттар мен бұйымдарын айтып, олардың бізге қалдырған мұрасын құрметтеуге және ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру қалыптасады.[3]

Этнограф ғалымдардың Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, Ә. Тәжмұратов, М. Мұқанов ғылыми зерттеулерін сұрыптай келе, ою-өрнекті дизайн әлемі туралы еңбектері жарық көрген.

Халқымыздың жалпы мәдениет деңгейін жоғары сатыға көтерудің және балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың тиімді жолдарының бірі көркем өнер болып табылады. Халықтың салт-дәстүрін сақтаған, ғасырлар тарих сынынан өткен қолөнердің бір саласы «ою-өрнек» қызықты болу үшін, біз бала ұғымына, жас даму деңгейіне сәйкес келетін бірнеше түрін байқау тәжірибемізде пайдаландық. Ою-өрнекке байланысты, көркемдік талғамын қалыптастыратын ойындар жоқтын қасы.

Баланың көркемдік талғамың қалыптастыруға: - бала мен педагогтың көркем құндылықты қабылдауда өнімді іс-әрекетке деген шығармашылық қабілеттері, әлеуметтік, табиғи заттың ортаға деген сапалы қарым-қатынастарды дамыту жөніндегі бірлескен іс-әрекеті жатады. Балалардың көркемдік талғамын қалыптастыруда бейнелеу өнеріне жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сай бейнелеу іс-әрекетін үйретудің әдістемелік және жалпы міндетттеріне сәйкес мазмұның белгілеп, нақтылы қойылатын талаптарды анықтап алу.

Жұмыстарды жоспарлау:

- материалды белгілеп бір ізге түсіру, түпкі нәтижесіне жету, көруге ұмтылу;

- өнер құралдары арқылы көркемдік талғамын өнерге деген сүйіспеншілігін шығармашылығын дамыту;

- эстетикалық қабылдануын, бағалауын, талғамының бастапқы көріністерін дамытуға бағытгта;

- қоршаған ортаны көркемдеуге және мінез-құлық мәдениетті дағдыларын жаттықтыру;

- шығармашылық және тәжірибелік іс-әрекетттерге итермелейтін проблемалық ситуацияны шешу;

- іс-әрекет мазмұнына қарай, мақал-мәтелдер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар қолдану.

Үнемі баланы тыңдай, көре, бағалай білуге, оның назарын түрлі пішіндегі табиғат әсемдік көріністеріне аударған жөн.

Әдемі ою-өрнектермен безендірілген қолөнер түрлері: Зергерлік бұйымдар, ағаштан жасалған бұйымдар, қазақтың ұлттық киімдері.

- жасау жиһаздың, тәрбиелеу мен білім беруге арналған құрал-жабдықтардың ұлттық салт-дәстүрімізге сай келуі.

- көркем өнер туындыларын тиімді әрі талғамға сай пайдалануы.

- тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер және ата-аналар арасындағы тығыз шығармашылық байланыс.

Қазіргі кезде халқымыздың мәдени асыл қазынасының өзекті бір саласына айналған ою-өрнек қайта түлеп бай мазмұнға, жаңа түрге ие болды.Дей тұрған мен бүгінде кейбір шешімін күтіп тұрған мәселелер бар.

Атап айтқанда:

- ою-өрнектер жайлы баланың түсініктерін және қызығушылығын дамыту жолдары нақты қарастырылмағандығы байқалады;

- ою-өрнектермен ойналатын ойындар өте аз;

- ою-өрнектермен таныстырудың тиімді әдіс-тәсілдері нақтылауды қажет етеді;

- балаларды жан-жақты дамыту мақсатында ою-өрнекке деген қызығушылығын, дидактикалық ойындар: «құрақ»-ою ойыны, үстел үсті ойыны «ою-өрнектер сыр шертеде», «қиықша» ою-өрнек ойыны, «қазыңа» қисынды дамыту ойыны, мектепке дейінгі бала тәрбиесінде ерекше орын алады.Болашақ зергер мүсінші және суретшілер де алғашқы әліпппесін балабақшадан бастайды. Балабақшадан алған білімін мектеп қабырғасында жалғастырады. [4]

М. Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер...» деген.[5]Халықтық салт-дәстүрін сақтаған, ғасырлар тарих сынынын өткен қолөнердің бір саласы ою-өрнек балаларға қызықты болу үшін, балалардың көркемдік талғамының табысты болуы, балабақшада баланы қоршаған бүкіл орта-мазмұнды, жаңалығы мол, тартымды, түсінікті болуы қажет.

***Қолданылған әдебиеттер:***

*1. С.Төленбаев, М.Өмірбекова «Ою-өрнектердің жасалу жолдары».;*

*2. Ф.Н. Жұмабекова «Қағазбен жұмыс жасау»,Алматыкітап.2008.;*

*3. М.Ш. Өмірбекова Энциклопедия «Қазақтың ою-өрнектері» Алматы 2003ж.;*

*4. С. Төленбаев «Қазақтың ою-өрнектері»,Алматыкітап. 2002ж.;*

*5. Парасат республикалық журналы 1999ж.*



昵图网 www.nipic.com By:navyxia No.20131007085919261001



***Муканова Урзада Ихтияровна***
*Шымкент қаласы,*
*№ 118 «Әсел» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі*

# БӨЛМЕ, ДАЛА ГҮЛДЕРІН САЛЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОРТА ТОПТАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

***Аңдатпа.*** *Мақалада мектепке дейінгі ұйымда бөлме, дала гүлдерін салыстыру арқылы орта топтарда инновациялық әдістерді қолдану ұсынылады.*

***Түйін сөздер:*** *мектепке дейінгі ұйым, орта топ, салыстыру әдісі, инновациялық әдістер.*

Мақсаты: Балаларға үлгі суретке қарап отырып бастырма әдісі арқылы гүлдердің суретін салуға үйрету. Қатты қағаздан дайындалған бастырманы, ұқыпты және дәстүрден тыс құралдарды қолдануға үйрету. Сурет салу арқылы балаларды әдемілікке, әсемдікке, шығармашылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Дайын қағаз, гуащь, қылқалам, су, сүрткіш, дөңгелек кортонды кесіп дайындалған баспа құралы мен үлгілер.

Қоладнған әдіс тәсілдер: Суретпен жұмыс, әңгімелесу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойындар.



Барысы: Жылулық шеңберін балалармен өткізу.

Ағаш, бұта, жасыл шөп! Жайқалып өскен гүлдер көп ! Рақмет саған, қайырымды жер! Гүлдерді жұлмаймыз! Бұтақты біз сындырмаймыз. Су құямыз, қараймыз! Аялаймыз, қорғаймыз!

Суретпен жұмыс: Балаларға бөлме гүлдері мен дала гүлдерін көрсету. Балалар, бүгін мен бір қызық дыбыстан оянып кеттім. Көзімді ашсам, бөлме гүлдері мен дала гүлдері айтысып жатыр екен. Гүлдердің дауын шешу үшін зерттеп, қарап көрейік.

Бөлме мен дала гүлдерді жұлуға болмайды. Қызғалдақ гүлін, еліміз өз қамқорлығына алып сақтап, қорғап келеді. Сирек кездесетін сонымен бірге, кез келген елде өсе бермейтін болғандықтан «Қызыл кітапқа» енген өсімдік түріне жатады.[1]

Қорықшылар қорғап, сыртай бақылап қызғалдақтың әр бір өсу сәтін бақылап жазып отырады және оны жұлуға болмайтынын айтады.

Қызғалдақ біздің байлығымыз болып есептеледі. Осы гүлдерге арналған ескертпені есте сақтаңдар, жарайды ма? балалар!

Салыстыру әдісі – «Дала гүлі» мен «Бөлме гүлі» суретін немесе өзін көрсетіп, салыстырады. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады.







Тәрбиеші: Балалар, біз дөңгелек кортонды кесіп түрлі пішіндер жасап алып бастырма әдісімен суреттер салған болатынбыз, бүгін біз қызғалдақ гүлін, осы қатты картон қағазды қолдана отырып салатын боламыз. Тәрбиеші, балаларға гүлдер бейнеленген заттық суреттерді көрсетіп, балаларға кортоннан жасалған трафаретті үлестіреді. Балалар кортонды қызыл немесе сары ерітілген бояуға малып бастыру әдісі арқылы із қалдырады, соңынан қылқаламды жасыл түсті субоямен сабағын мен жапырағын сала бастайды. Қағаздың төменгі жағына жасыл түсті бояумен сызықтарды (сабағы мен жапырағы) жүргіземіз.









Соңынан қылқаламдағы артық бояқты сауыттың шетіне сүртеді, соңынан қылқаламды жуып қояды.[2]

«Бұл қандай гүл», Балаларды өз салған гүлдері туралы сөйлету. Дала гүлінің де,бөлме гүлінің де пайдалы, әдемі екенін айтып, түсіндіру. «Сиқырлы қылқалам» ойыны, Екі алақандарының ортасына қарандашты салып, айналдырып, массаж жасауды ұсынады. Саусақтары демалады. Тәрбиеші балаларға альбомда берілген гүлдер туралы әңгімелеп береді. Гүлдер ауаны тазартып,әрі әсемдік сыйлайтындығы айтылады.[3] Қорытынды: Гүлдер әр түрлі және әдемі, үйде немесе аулада өсіруге болады. Күтімді қажет етеді, жұлсаң солып қалады. Балалар бүгін барлықтарың ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатыстыңдар, жарайсыңдар!

***Пайдаланған әдебиеттер:***

*1. Л.И.Вальдшмит «Қазақстанның қызғалдақтары» Аламты кітап баспасы 2010ж.;*

*2. Ділманова Ғ. «Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салу»2013ж.;*

*3. Б.А. Тұрғынбаева«Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту» Алматы, 1999ж.*



昵图网 www.nipic.com
By:navyxia No.20131007085919261001

# «Ән шырқайық бәріміз» атты патриоттық әндерді хормен айту челленджінің қорытындысы

## І ОРЫН



**Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Бетқайнар ауылы ЖШС «Асыл Перзент» балабақшасы**

# 1 I ОРЫН



**Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы**
**«Сыр жұлдызы» бөбекжай бақшасы**

# 2 II ОРЫН



**Қызылорда облысы, Қазалы ауданы**
**№3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы**

# II ОРЫН



**Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Масанчи ауылы «Ботақан» бөбекжайы**

# II ОРЫН



**Алматы қаласы, Жетісу ауданы №176 бөбекжай-балабақшасы**

# 3 III ОРЫН



**Жамбыл облысы, Меркі ауданы**
**«Бөбек» бөбекжай-бақшасы**

# 3 III ОРЫН




**Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы**
**«Бейнеу» бөбекжайы**

# III ОРЫН



**Қостанай облысы, Арқалық қаласы**
**«Раушан» бөбекжайы**

# III ОРЫН



**Ақмола облысы, Атбасар қаласы**
**«Алтын бесік» бөбекжайы**

www.irrd.kz
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ
Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғ. 8/2
e-mail: rcdd_info@mail.ru